Мемлекеттік билік электр энергиясының өсіп келе жатқан қажеттіліктерін қанағаттандыру және көмір электр станцияларына тәуелділікті азайту үшін атом электр станцияларын салу жоспарын бірнеше рет жариялады. 2023 жылдың 1 қыркүйегінде елдегі алғашқы атом электр станциясының құрылысына қатысты Қ.К. Тоқаев халыққа жолдауында сөз қозғады. Кейін 2024 жылдың 2 қыркүйегінде Қ.К. Тоқаев елдегі алғашқы атом электр станциясының құрылысына қатысты референдумның уақытын жариялаған еді. Бұл оқиға медиа кеңістікте көрініс тапқан ауқымды қоғамдық пікірталастарды тудырды. Бір жағынан, АЭС электр энергиясын тұрақты жеткізуді қамтамасыз етудің перспективалы және тиімді тәсілі ретінде қарастырылады, екінші жағынан, әсіресе Қазақстанның Семей ядролық полигоны түріндегі тарихи тәжірибесін ескере отырып, экологиялық қауіпсіздікке, радиация тәуекелдеріне және ықтимал апаттарға қатысты халық арасында елеулі алаңдаушылық туғызды. Бұдан бөлек, Чернобыль мен Фукусима сияқты апаттарды қоса алғанда, тарихи контексттің ықпалында бұл атом электр станцияларына қатысты ерекше қорқыныш пен біржақтылықты қалыптастырады (Сұлтанов, 2023). Сондықтан АЭС-тің құрылысы – бұл белсенді қоғамдық талқылаулар мен медиа дискурста әртүрлі әңгімелердің қалыптасуын тудыратын күрделі және даулы процесс болды. Қазақстанда БАҚ-тардың АЭС салу тақырыбын қолдайтын ақпараттық күн тәртібін қалыптастыру ерекшеліктерін қолдану арқылы атом энергетикасын оң көзқарастағы қоғамдық қабылдауға итермелеу мәселесі туындады.

Жалпы ақпараттық белгісіздік пен сенімді ақпараттың жетіспеушілігі жағдайында Қазақстанның медиа ландшафтында атом энергетикасы төңірегінде әңгімелер қалай қалыптасатынын және олардың қоғамның пікіріне қалай әсер ететінін түсіну маңызды. Ал атом электр станциясының құрылысы сияқты өткір мәселелерде қоғамдық пікірді қалыптастыру бұл тақырыптың медиада қалай жарияланғанына тікелей байланысты. Медиа дискурс ақпараттық күн тәртібін құруда, пікірлер қалыптастыруда шешуші рөл атқарады (Balockaite & Rinkevicius, 2009).

Бұл мақала Қазақстандағы атом электр станциясының айналасында ақпараттық күн тәртібін қалыптастыру ерекшеліктерін қолдану арқылы атом энергетикасын оң көзқарастағы қоғамдық қабылдауға әсерін зерттеуге бағытталған. Осы тұрғыда мемлекетке тәуелді және тәуелсіз БАҚ өкілдерінің АЭС салуға қатысты күн тәртібі қандай? Орыс және қазақтілді аудиторияға да бірдей ақпарат таратылып жатыр ма? Бұл зерттеуде осы сұрақтарға жауап іздеп, еліміздегі екі жетекші БАҚ-тың қазақ және орыстілді жаңалықтар сайттарына контент анализ жүргізді. Олардың біреуі толықтай үкіметтен қаржыландырылса, екіншісі тәуелсіз БАҚ: «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» мен «Vlast.kz» сайтының қазақ және орыстілді порталдары АЭС салу тақырыбында қандай ақпарат тарататынын анықтадық.

Негізгі зерттеу нысанына алынған материалдар - референдумға дейінгі 2 апта аралығындағы мақалалар мен жаңалықтар. Себебі соңғы екі аптада салыстырмалы түрде БАҚ тарапынан ақпараттық таратылым көп болды.

Әдебиетке шолу

Бұл зерттеу елімізде мемлекет тарапынан қаржыландырылатын және тәуелсіз БАҚ өкілдерінің АЭС салу мәселесі бойынша халыққа ақпаратты ұсынуын зерттеу үшін күн тәртібін құру теориясын арқау етеді. Себебі мақалада қазіргі медиа дискурс шеңберінде Қазақстанда АЭС салу тақырыбы бойынша ақпараттық күн тәртібін қалыптастыру ерекшеліктерін анықтау, сондай-ақ оның қоғамның қабылдауына әсерін зерттеу мақсаты көзделді.

Күн тәртібі теориясы - жекелеген адамдарды баспасөз және теледидар арқылы көретін кейбір құбылыстар мен оқиғаларды басқалардан маңыздырақ деп санауға мәжбүрлейді. БАҚ иесі бұқараға не таралатынын шешеді. Сол ақпарат белгілі бір уақытқа БАҚ-тың күн тәртібіне айналады. Баспасөз саяси проблемаға қаншалықты көңіл бөлетіні мен аудиторияның осы мәселені қаншалықты маңызды деп санайтындығы арасында сәйкестік пайда болады. Аудиторияға қандай шешім шығару керек екенін ұсынбайды. Бірақ не туралы ойлауы керек және шешімін табуы тиіс мәселелер қандай екенін айтады (Черных, 2008). Ал Коэнның айтуынша (1963), бұл теория бұқаралық ақпарат құралдарының проблема ретінде көрсететін екпіні мен бұқаралық ақпарат құралдарының аудиториясы мен жұртшылықтың реакциясын байланыстырады. Жалпы күн тәртібін белгілеу теориясы бұқаралық ақпарат құралдарының сайлау кезіндегі саяси мінез-құлық үлгісін өзгертуге қалай әсер ететінін түсіндіруден басталған. Жалпы аталмыш теория бұқаралық ақпарат құралдарының белгілі бір оқиғаны өздерінің медиа аудиториялары үшін қалай бояйтындығын да қамтиды (Matsaganis & Payne, 2005).

McCombs (2008) осы тұжырымдаманы өзінің зерттеулерінде тереңінен талдап, медиа арқылы қоғамның назарын аудару мақсатында тақырыптардың таңдалуы ақпараттық күн тәртібін қалыптастыруда негізгі құрал екендігін атап өтеді. Сондықтан АЭС мәселесі де медиа дискурсында осы тұжырымдама бойынша қарастырылуы қажет. Себебі АЭС-ке қатысты ақпарат, оның қауіпсіздігі мен экологиялық әсері медиа арқылы қоғамның күн тәртібіне еніп, белгілі бір маңыздылыққа ие болады. АЭС-ке қатысты ақпараттық күн тәртібін қалыптастыру, оған деген

қоғамдық қабылдауды айқындауға ықпал етеді.

АЭС тақырыбын БАҚ-та көтеру кезінде олардың таңдалуы мен медиа контексті, ақпараттың ұсынылуы қоғамның АЭС-ке деген көзқарасына әсер етуі мүмкін. Мысалы, ақпараттық жаңалықтардың айқын әрі нақты болуы немесе керісінше, теріс контексте ұсынылуы азаматтардың атом энергиясына деген үрейін немесе сенімін қалыптастырады (McCombs, 2008). БАҚ-тың осындай рөлі ақпараттық күн тәртібін қалыптастырып, халықтың назарын қажетті мәселелерге аударады екен. Ал Zukas (2018) зерттеуіне сәйкес, журналистер АЭС тақырыбына қатысты дискурсты қалыптастырмайды, яғни өз бетінше терең зерттеп, талдаудан гөрі, көбінесе ақпарат таратушы рөлін атқарады. Олар жаңалықтарды негізінен саясаткерлерден, мемлекеттік қызметкерлерден немесе энергетика саласының өкілдерінен алады. Сондай-ақ, ресми атағы мен ғылыми дәрежесі бар сарапшылардың пікіріне сүйенеді. Бұған қоса, ядролық компаниялардың қоғаммен байланыс және стратегиялық коммуникация арқылы жасаған ықпалы да журналистердің материалдарына әсер етуі мүмкін.

Келесі Катц пен Лазарсфельд (1955) зерттеулеріне сүйенетін болсақ, олардың айтуынша, бұқаралық және тұлғааралық қарым-қатынас арасында байланыс бар. Бұқаралық ақпарат құралдары коммуникация процесінде үстемдік етеді, өйткені жаңалықтар оған назар аударудың арқасында маңыздылыққа иелік етеді. Көпшілік алдында түсіндірілетін шындық аспектілері (жаңалықтар фреймиңі) әлеуметтік мәнге ие болады. Олар белгілі бір қоғамда талқыланатын және дискурстың да, әлеуметтік шындықтың құрылысының да жалғасуына кепілдік беретін фактілер (мысалы, жаңалықтар) болып саналады. Медиадағы фреймдеу әлеуметтік нормалар мен құндылықтардан, медиа ұйымдарының ішкі ережелерінен, мүдделі топтардың ықпалынан, журналистік тәжірибелерден және саяси бағыттардан әсер алады (Mercado-Sáez, Marco-Crespo & Álvarez-Villa, 2019). Ядролық мәселелерге қатысты фреймдерді қалыптастыруға бұл саланың мүдделі өкілдері белсенді атсалысады. Олар ядролық энергетиканың маңыздылығын дәлелдеу үшін әртүрлі әдістерді қолданады: насихаттау, қоғаммен байланыс, жарнама, журналистермен сұхбаттар, мақалалар жариялау және басқа да ақпараттық іс-шаралар (Gamson & Modigliani, 1989). Энтманның пікірінше (1993), фреймиң ұсынылған шындықтың белгілі бір аспектілеріне назар аударуды және оларға үлкен мән беруді білдіреді, сонымен бірге қарастырылып отырған мәселенің нақты анықтамасын, себеп-салдарлық байланыстарды түсіндіруді, моральдық бағалау мен қорғауды насихаттау үшін басқа ақпаратты өткізіп жібереді екен.

Осы тұста мысал ретінде Коэнның (1963) зерттеуін қарастырайық. Melber, Nealey, Hammersla & Rankin, (1977) зерттеуінде АЭС-тың жарылуы себебінен болған апаттардың БАҚ-та қалай ұсынылғанын және олардың қоғамға әсерін талдайды. АЭС-ке қатысты ақпараттың қорқынышты контексте берілуі адамдардың атом энергиясына деген қорқынышын арттыруы мүмкін дейді. Мүмкін, мемлекетке тәуелді БАҚ-тың АЭС-ке қатысты теріс мақала немесе жаңалықтар жарияламауының себебі осы шығар. Дегенмен оның айтуынша, ғылыми және техникалық ақпараттың дұрыс берілуі де өте маңызды. АЭС-тің экологиялық және қауіпсіздік аспектілерін түсіндіретін ғылыми зерттеулер мен техникалық мәліметтер көпшілікке түсінікті әрі сенімді түрде ұсынылса, бұл атом энергетикасына деген сенімді арттырады екен.

Бұқаралық ақпарат құралдары фреймиң (фреймиңдік интерпретация) арқылы мәселенің белгілі бір анықтамасын және оның ағымдағы түсіндірілуін алға тартады (Hepp, 2019). Фрейм жасау тұжырымдамасын Каллаган мен Шнелл (2005) «барлық саяси субъектілер, соның ішінде БАҚ тілдік белгілерді пайдалана отырып, мәселелерді анықтап, оларға мән беретін және оларды байланыстыратын процесс» деп қорытындылады. Негізгі фреймдер мемлекеттік саясат пікірталастарының шекарасын белгілейді. Осылайша, олар негізгі мәселенің не екенін анықтай отырып, әлеуметтік мәселе немесе шешім туралы ойлаудың белгілі бір әдісін ұсынады.

Бұқаралық ақпарат құралдары қоғамдық дискурсты теріс және оң салдары бар тәсілдермен қалыптастыра алады (McQuail, 2007). Бұқаралық ақпарат құралдарының оң да, теріс те әсер етуі мүмкін болғанымен, зерттеулер даулы мәселелердің бұқаралық ақпарат құралдарында жасалуын көбінесе қоғамдық мүддеден асып түсетінін көрсетеді деуге болады.

Ал Герман және Хомскийдің (1988) айтуынша, бұқаралық ақпарат құралдарының ақпаратпен манипуляциясы (фрейминдеу) неғұрлым күшті мүдделерге қызмет ету және басқа пікірді маргинализациялау әлеуметтік ғылымдарда жақсы қолданыста екен. Касперсон (1988) медиа манипуляциялары мен қоғамдық қабылдаудың өзгеруіне қатысты бірнеше теориялық тұжырымдар жасаған. Оның пікірінше, БАҚ-та ақпараттың контексті мен тәсілі қоғамдық пікірді тереңінен өзгертуі мүмкін. Мысалы, АЭС-тің қауіпсіздігі туралы мәліметтер ғылыми тұрғыда дұрыс ұсынылса, онда қоғамның қабылдауы позитивті болуы мүмкін. Алайда, БАҚ теріс немесе жалған ақпараттарды жариялаған жағдайда, бұл ақпараттар қоғамның атом энергетикасына деген сенімсіздігін күшейтеді дейді.

Ядролық технологиялар бұл қоғам арасында қайшылықты қоғамдық пікірді тудыратын дүниелердің бірі. Нисбет (2006) атом энергетикасы туралы пікірталаста былай дейді: "фреймиң атом энергетикасын жақтаушылардың да, даттаушылардың да қоғамдық пікірін ұлттық деңгейде басқаратын орталық құрылғы болады". Бұдан біз не түсінеміз? Әрине, күн тәртібі теориясы мен фреймиңнің ақпаратты халыққа жеткізудегі алар орны мен маңызының зор екенін түсіне аламыз. Осыған байланысты баспа құралдары әлеуметтік түсіндірудің маңызды көзі болып табылады.

Осы тұста Сингер мен Эндр (1993) зерттеулері бұқаралық ақпарат құралдарының атом энергетикасымен байланысты ықтимал ұзақ мерзімді тәуекелдерді елемейтінін көрсетті. Ал Гамсон мен Модильяни (1989) бұқаралық ақпарат құралдары атом энергиясын технологиялық прогрестің нәтижесінде пайда болатын артықшылықтар тұрғысынан тұжырымдайтынын анықтады. Ал Калли (2010) мұндай тұжырымдар қоғамдық талқылауды шектеуі немесе жоюы мүмкін дейді.

Теорияға түсіндірме

Күн тәртібі теориясын 1972 жылы Максвелл Маккомбс пен Дональд Шоу ұсынған. Олар АҚШ-тағы 1968 жылғы президенттік сайлау барысында жүргізген зерттеулерінде бұқаралық ақпарат құралдарының қандай тақырыптарға басымдық беретіні қоғам үшін сол мәселелердің маңыздылығын арттыратынын дәлелдеді (McCombs & Shaw, 1972). Бұл зерттеу БАҚ-тың қоғам пікіріне ықпал ету қабілетін көрсетіп, күн тәртібін белгілеу құбылысының ғылыми негізін қалады. Теорияның негізгі идеясы – бұқаралық ақпарат құралдары белгілі бір мәселелердің маңыздылығын тікелей анықтамаса да, қоғамның назарын қандай тақырыптарға аудару керектігін көрсетеді. Осылайша, БАҚ ақпараттың берілу жиілігі мен оны ұсыну тәсілдері арқылы адамдардың күнделікті өмірінде қандай мәселелерді маңызды деп қабылдайтынын қалыптастырады.

Теорияның екі негізгі деңгейі бар. Бірінші деңгейі БАҚ назар аударатын тақырыптарды анықтаса, екінші деңгейі сол мәселелердің қалай ұсынылатынын сипаттайды. Екінші деңгейде фреймиң тәсілі қолданылады, бұл белгілі бір оқиғалар мен құбылыстардың белгілі бір ракурстан көрсетілуін білдіреді. Бұл тәсіл ақпараттың берілу форматы мен контекстіне байланысты қоғамның белгілі бір тақырыпты қалай қабылдайтынына тікелей әсер етеді (Entman, 1993). Жалпы, фреймиң теориясын күн тәртібі теориясының құрамдас бөлігі ретінде қарастыруға болады.

Күн тәртібі теориясы әсіресе саяси науқандар кезінде, қоғамдық пікірді қалыптастыруда,

дағдарыс жағдайларында және әлеуметтік мәселелерді насихаттауда маңызды рөл атқарады. БАҚ белгілі бір тақырыптарды алдыңғы қатарға шығару арқылы қоғамдық пікірді бағыттап, адамдардың шешім қабылдауына әсер етуі мүмкін.

Әдіснама

Қазақстанда АЭС салу тақырыбы бойынша ақпараттық күн тәртібін қалыптастыру ерекшеліктерін анықтау, сондай-ақ атом энергетикасын қоғамдық қабылдауға медианың әсерін зерттеу мақсатына жету үшін төрт БАҚ өкілінің мақалаларына контент-анализ жүргіздік. Себебі біздің арқау етіп алған теориямыз бен тақырыпқа сәйкес жүретін әдістердің бірі – контент-анализ. Тақырыпты терең зерттеп, зерттеу сұрақтарына жауап алу мақсатында дәл осы әдіс түрі сәйкес келеді.

БАҚ мазмұнын статистикалық дәл өлшеуді білдіретін «контент-анализ» термині XIX ғ. соңы мен XX ғ. басында АҚШ-та пайда болды. Оның негізін қалаушылардың бірі ретінде **Гарольд Лассвеллді көрсетеді**. Оның еңбектері медиа мәтіндердегі мазмұнды талдауды, олардың ықпалы мен қоғамға әсерін зерттеудің алғашқы қадамдарын жасауға мүмкіндік берді. **Лассвелл** БАҚ арқылы жасалатын ақпараттық манипуляцияларды талдай отырып, контент-анализ әдісін «ақпараттық мазмұнның құрылымын жүйелі зерттеу» ретінде ұсынды. Криппендорфтың айтуынша (1980), мазмұнды талдау – мәтіндерден контекстке қайталанатын және жарамды қорытындылар жасауға арналған зерттеу әдісі. Сонымен қатар мәтіндер мен коммуникацияның басқа түрлерінен жүйелі, сенімді немесе негізді және қайталанатын қорытындылар жасауға арналған зерттеу әдісі (Drisko & Maschi, 2016).

Жалпы контент-анализ ақпараттық күн тәртібі теориясының төңірегінде БАҚ-тың қоғамдық пікірді қалыптастырудағы рөлін айқындайды. МакКомбс пен Шоу (2017) өздерінің алғашқы зерттеулерінде, БАҚ таңдаған және жиі жариялайтын тақырыптар қоғамның назарында болады және солар қоғамдық пікірді бағыттайды деп көрсеткен. Контент-анализ әдісі осы таңдауларды зерттеуге, БАҚ қай мәселелерді көп жариялап, қандай контексте көрсету арқылы қоғамдық пікірді қалыптастыратынын түсінуге мүмкіндік береді.

Зерттеу үшін кіріспеде айтып кеткенімдей, төрт БАҚ түрі таңдалды. Іріктеме **мемлекетке тәуелді немесе тәуелсіз болуы; тіл (аудитория); танымалдығы; секілді категориялар** арқылы жүзеге асты.

Таңдалған БАҚ атаулары: «Егемен Қазақстан» қазақ тілінде ақпарат тарататын жаңалықтар сайты және орыс тілінде хабар таратушы - «Казахстанская правда» сайты; ал екінші БАҚ өкілдері – «Vlast.kz» сайтының қазақ және орыстілді басылымы.

Бірінші және екінші іріктемеге сәйкес, Нусипов және Драгомир (2019) атты зерттеушілер қазақтілді газет «Егемен Қазақстан» және орыстілді «КазПравда» газетін Ақпарат және әлеуметтік даму министрлігіне тиесілі деп көрсетеді. Ал Vlast.kz – үздіктер қатарындағы жалғыз шынайы тәуелсіз жаңалықтар сайты. Ол азаматтық белсенді және журналист Вячеслав Абрамовқа тиесілі, ол бұрын MediaNet үкіметтік емес ұйымының директоры және АҚШ үкіметі қаржыландыратын ҰЕҰ Қазақстандағы Freedom House жергілікті кеңсесінің басшысы болған (Nussipov & Dragomir, 2019).

Сурет 1. Қазақстандағы медиа саласындағы негізгі ықпал етушілер**The key influencers in the media in Kazakhstan**

Direct & indirect influence	Operator	Prominent news media assets			
		TV	Radio	Print	Online
Government	Nur-Media	Astana TV	Radio NS	Liter	Liter.kz
	Teleradiokorporaciya Kazakhstan	Eurasia; Qazaqstan	Kazakh Radio		
	Agenstvo Khabar	Khabar			24.kz
	Kazkontent				Bnews.kz
	Mezhdunarodnoye Informacionnoye Agenstvo Kazinform				Kazinform.kz
	Respublikanskaya Gazeta Egemen Kazakhstan			Egemen Kazakhstan	
	Respublikanskaya Gazeta Kazakhstanskaya Pravda			KazPravda	
	Teleradiokompaniya Yuzhnaya Stolica	Almaty TV			
Baitasova Aidana, Abzhaparova Lyazzat, Satybaldin Timur, LLP Skytec	United Media Group			Forbes Kazakhstan	Forbes.kz
Abramov Vyacheslav	Izdatelstvo Vlast				Vlast.kz
International	Mezhdgosudarstvennaya Teleradiokompaniya MIR v	MIR			

Ескерту. Nussipov, Adil. 2019. "Media Influence Matrix: Funding Journalism in Kazakhstan." *Center for Media, Data and Society*

Сурет 2. Бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстар

Расходы по бюджетной программе, всего ⁴						
Расходы по бюджетной программе	Единица измерения	Отчетный год	План текущего года	Плановый период		
		2016	2017	2018	2019	2020
Проведение государственной информационной политики	тысяча тенге	41 778 814,4	43 973 993	47 166 917	46 432 716	42 243 343

ТОО «Қазақ газеттері»	газеты «Ана тілі», «Экономика», «Ұйғыр айвази», журналы «Мысль», «Ақиқат», «Үркер»	149 766
РГП на ПХВ «Центр анализа и информации» Министерства информации и коммуникаций	Информационно-аналитическое и методическое сопровождение вопросов проведения государственной информационной политики	878 898
АО «Республиканская газета «Егемен Қазақстан»	газету «Егемен Қазақстан»	877 536
АО «Республиканская газета «Казахстанская правда»	газету «Казахстанская правда»	721 152

Ескерту. Меруерт Сыздықбекованың «БАҚ-тағы мемлекеттік ақпараттық тапсырыс» атты зерттеуінен

Үшінші іріктеме бойынша, Нусипов және Драгомир (2019) «Vlast.kz азаматтық қоғам белсендісі және журналистке тиесілі елдегі ең көп кіретін 10 веб-сайттың ішінде шын мәнінде тәуелсіз жаңалықтар сайты», - дейді. Ал «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская Правда» сайттары туралы айтар болсақ, Нусипов және Драгомирдің (2019) зерттеуінде көрсетілгендей, танымалдылық жағынан екі басылым да алғашқы орындарда:

Сурет 3. Қазақстандағы ең танымал газеттер, мамыр 2019

<i>The most popular newspapers in Kazakhstan, May 2019</i>	
Newspaper	Majority owner
Karavan	The First President
KazPravda	Government
Egemen Kazakhstan	Government
Vremya	Subharberdin Nurzhan, LLP Shanyrak Trade
Argumenty i Fakty	Turebayeva Bibigul
Express - K	Shahnovich Igor, Bekkulova Sholpan, LLP Vostok Impax
Zhas Alash	Atusheva Saltanat, Sarsenbay Ana
Liter	Government
Kapital	Mustafina Svetlana, Mustafin Sanzhar
Kursiv	User Saken

Source: CMDS survey, Almaty

Ескерту. Nussipov, Adil. 2019. "Media Influence Matrix: Funding Journalism in Kazakhstan." *Center for Media, Data and Society*

Жалпы зерттеу мерзімі 6 қазандағы референдумға дейінгі 2 апта аралығы, яғни 21.09.2024-04.10.2024. Іріктеме 21.09.2024 – 25.09.24; 26.09.2024 – 30.09.24; 01.10.2024 – 04.09.24 және ауқымды мақалалар деп қарастырылды. 5 қазанды қарастырмаған себеп – бұл күні ешқандай БАҚ

АЭС туралы мүлде ақпарат таратпады. Өйткені бұл күн референдум алдындағы «тыныштық күні» болды. Тыныштық күні – бұл дауыс берудің алдында өтетін күн, онда кез келген үгіт-насихат жұмыстарына тыйым салынады. Бұл күні кандидаттар мен партияларды ашық қолдау, көпшілік алдында сөйлеу немесе үгіт материалдарын таратуға рұқсат етілмейді.

Зерттеу нәтижелері

Зерттеу барысында таңдалған БАҚ өкілдерінің 6 қазандағы референдумға дейінгі 2 апта аралығында шығарған ауқымды мақалалары сараланды. Әр БАҚ-тан 3 мақаладан таңдалып, барлығы 12 мақала талданды. Контент-анализдің нәтижесінде, төмендегідей сандық көрсеткіштер мен категориялар анықталды.

Бірінші категория: Операциялық қызметкерлер, АЭС құрылысы және пайдалану (ұлттық, халықаралық деңгей), референдумға шақыру, мүдделі тараптар. Бұл категорияға арқау болған тірек сөздер: штаб мүшелері, АЭС салу, эксплуатация, халықаралық, жалпыұлттық, референдум.

Екінші категория: Энергетикалық қауіпсіздік. Бұл категория «қауіпті/қауіпсіз, стандарттар, нормаларды қадағалау» сияқты сөздердің арқасында қалыптасты.

Үшінші категория: Балама энергетика/ экология. Тірек сөздер: энергия, энергетика, көміртек.

Төртінші категория: Қоғам пікірі. Бұл тұста «құқық, пікір, қарсылық, жақтаушылар» сынды сөздер көп кездесті.


Соңғы категория: Пропаганда. Тірек сөздер: қолдау, маңызды, мүмкіндік, дамыту. 12 мақала бойынша контент-анализдің нәтижелері төмендегідей болды:

Кесте 1. Зерттеу нәтижелері бойынша контент-анализ әдісі арқылы құрылған категориялар мен БАҚ-та кездескен сөздердің сандық көрсеткіштері

№	Фреймнің тақырыбы	Кілт сөздер	Егемен Қазақстан	Казахстанская правда	Власть RU	Власть KAZ
1	Операциялық қызметкерлер, АЭС құрылысы және пайдалану (ұлттық, халықаралық деңгей), референдумға шақыру, мүдделі тараптар	штаб мүшелері, АЭС салу, эксплуатация, халықаралық, жалпыұлттық, референдум	32	32	14	24
2	Энергетикалық қауіпсіздік	қауіпті/қауіпсіз, стандарттар, нормаларды қадағалау	2	20	0	0
3	Балама энергетика/ экология	энергия, энергетика, көміртек,	146	4	4	30
4	Қоғам пікірі	құқық, пікір, қарсылық, жақтаушылар	2	0	85	136
5	Пропаганда	қолдау, маңызды, мүмкіндік, дамыту	49	46	0	3

Ескерту. Автордың зерттеу нәтижелеріне сәйкес жасаған кестесі

График 1. Зерттеу нәтижелері бойынша контент-анализ әдісі арқылы құрылған категориялар мен БАҚ-та кездескен сөздердің сандық көрсеткіштерінің графигі



Ескерту. Автордың зерттеу нәтижелеріне сәйкес жасаған графигі

Алғашқы фрейм негізінен мемлекетке тәуелді ақпарат құралдарында («Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда») белсенді талқыланған. Тіпті контент-анализ талдауы нәтижесі бойынша сандық көрсеткіштері тепе-тең болды. Бұл үкіметтің АЭС құрылысына қатысты ұстанымын қолдауымен байланысты. Себебі «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» сайтында жарияланған мақалалардың барлығы АЭС құрылысын салуды қолдау мәнінде жазылған. Тақырыптарының өзі соны айқындайды: «АЭС: сенімді энергия көзі», «АЭС игілігін барша жұрт көреді», «АЭС – энергетикалық қауіпсіздік», «Атомный» прирост. Почему в мире активно строят АЭС». Мысалдар келтірер болсақ, «штаб мүшелері өңірдегі сарапшылар қауымдастығымен кездесуде жалпыұлттық референдум елдің дамуы жолында шешуші мәнге ие екенін айтады» дейді (Егемен Қазақстан, 2024). Сонымен қатар халықты, әсіресе жастарды референдумға шақыру мәнінде «ел болашағына ықпал ететін мәселе күн тәртібіне шығарылған референдумға жастардың белсенді қатысуы маңызды рөл атқарады» (Егемен Қазақстан, 2024). Ал «КазПравда» (2024) референдумды «проведение референдума по вопросу строительства атомной электростанции может стать важным этапом» дейді. Келесі тәуелсіз басылымдарға келер болсақ, **Власть KZ** тәуелсіз басылымы да бұл тақырыпты аз болса да назарға алған, салыстырмалы түрде Властің орыстілді сайтына қарағанда көбірек көрсеткіштерге ие. Неге десеңіздер, бұл «референдум» кілт сөзінің көптеп кездесуінен болып отыр. Жалпы тақырыптарына да тоқталар болсақ, тәуелсіз БАҚ-тың АЭС-тің салынуына қатысты теріс пікірде екендігін және референдумға қатысты пропагандалық жұмыстардың жүріп жатқандығын сынға алғандығын көруге болады. Мысалы, «Қабылданып қойған шешімді заңдастыру ғана», «Атомная пропаганда» атты мақалаларында билікті және референдумға қатысты жүріп жатқан үгіт-насихатты сынға алады.

Келесі қарастырылған категория – «Энергетикалық қауіпсіздік». Бұл тақырып бойынша тәуелсіз БАҚ өкілдері мүлде материал жарияламаған. Мұның себебі, біріншіден, олардың жалпы

АЭС құрылысына қарсы ұстанымы болуы мүмкін, екіншіден, олардың назарын референдумның әділ өтуіне ықпал жасау мен дауыс беру процесін бақылау мәселесіне аударуы ықтимал. Яғни, тәуелсіз БАҚ үшін АЭС-тің энергетикалық қауіпсіздікке әсерінен гөрі, оның әлеуметтік және саяси қырлары басымырақ болған сияқты.

Ал мемлекеттік БАҚ өкілдеріне келетін болсақ, «Егемен Қазақстан» мен «Казахстанская правда» сайттарын салыстырғанда, бұл мәселе бойынша екі түрлі ақпарат ұсынылатыны байқалады. Атап айтқанда, «Энергетикалық қауіпсіздік» тақырыбы қазақтілді аудиторияға көбірек бағытталған. Себебі Қазақстан халқының басым көпшілігін қазақтар құрайды және ел мен ұрпақ қауіпсіздігі туралы мәселелерде белсенділік танытатын да – негізінен қазақтілді қауым. Осыған байланысты, қазақтілді басылымдарда АЭС-тің ұлттық қауіпсіздікке қосар үлесі ерекше атап көрсетіледі.

Мысалы, жоғарыда мысал ретінде келтірілген «АЭС – энергетикалық қауіпсіздік» атты мақалада: *«Таяуда «Ranking» порталы АЭС-тің тиімділігі мен ықтимал зиянды тұсын таразылап, халықаралық тәжірибеден сүбелі мысалдар келтіріп, мәлімет жария етті»* деп көрсетілген (Егемен Қазақстан, 2024). Бұл мақалада АЭС-тің ел экономикасы мен энергетикалық тәуелсіздігі үшін маңыздылығы әлемдік тәжірибе тұрғысынан талқыланып, оның Қазақстан үшін тиімділігі жан-жақты сипатталады. Мұндай материалдардың негізгі мақсаты – қоғамдағы алаңдаушылықты азайтып, АЭС-тің қауіпсіздік стандарттарына қатысты күмәнді сөйіс болуы мүмкін.

Дегенмен мемлекеттік БАҚ-та балама пікірлердің берілуі өте шектеулі. Барлық материалдар негізінен АЭС-тің артықшылықтарын көрсетумен ғана шектеледі. Мысалы, АЭС құрылысына байланысты негізгі қауіптер, соның ішінде ядролық қалдықтарды сақтау мәселесі, технологиялық ақаулардың ықтималдығы немесе Чернобыль мен Фукусима апаттары сияқты сценарийлердің қайталану қаупі мүлде қозғалмайды. Сондай-ақ, АЭС құрылысының нақты шығындары, оны қаржыландыру көздері және болашақта экономикалық ауыртпалығы қандай болатыны туралы ашық талқылау жүргізілмейді.

Бұл мәселелерді негізінен тәуелсіз БАҚ көтеріп отырғанымен, олардың аудиториясы шектеулі, ал қазақтілді балама ақпарат тіпті аз. Бұл жағдай қоғамның белгілі бір бөлігі тек мемлекеттік БАҚ-тың біржақты ақпаратын тұтынатынын көрсетеді, ал АЭС туралы объективті әрі жан-жақты пікірталас жүргізу мүмкіндігі шектеледі.

Үшінші категория – «балама энергетика және экология» тұрғысынан алып қарағанда, «Егемен Қазақстан» сайты көш бастап тұр. Бұл платформада жарық көрген мақалалардың барлығы дерлік «көміртек деңгейін төмендету» мәселесіне ерекше назар аударып, АЭС-тің экологиялық тұрғыдан тиімділігін көрсетуге бағытталған. Басылым материалдарында парниктік газдардың азаюы мен энергетикалық қауіпсіздікке қол жеткізу тақырыптары жиі қозғалады.

Мысалы, сайттағы мақалаларда көмір, мұнай және газ сияқты дәстүрлі энергия көздерінің қоршаған ортаға тигізетін зияны айтылады. Энергетика секторының көмірқышқыл газы (CO₂) шығарындылары әлемдік деңгейде 40%-дан асып кететініне назар аударылған: *«энергетика секторының көмірқышқыл газы (CO₂) шығарындылары барлық жалаңаштық шығарындының 40%-дан астамын құрайды. Бұл оны климаттың өзгеруімен күрестегі ең өзекті мәселелердің біріне айналдырады. Атом электр стансаларының CO₂ шығарындылары небәрі 5,1-6,4 г/кВт·сағ құрайды, бұл атом энергетикасын электр энергиясын өндірудің экологиялық таза әдістерінің біріне айналдырады»* (Егемен Қазақстан, 2024). Бұл мәселені шешу үшін балама энергия көздерін дамыту, оның ішінде атом энергетикасының рөлін арттыру қажеттігі баса көрсетіледі.

Сонымен қатар «Егемен Қазақстан» басылымында АЭС-тің экологиялық тұрақтылыққа қосатын үлесі жайлы нақты ғылыми деректер келтіріледі. Жаңартылатын энергия көздерімен

салыстырғанда, атом энергетикасының үздіксіз және тұрақты энергия өндіру қабілетіне ие екендігі жиі аталып өтеді. Жел мен күн энергиясы ауа райына тәуелді болғандықтан, тұрақты қуат көзі ретінде АЭС-тің артықшылықтары баса көрсетіледі.

Бұған қоса, мақалада Қазақстанның халықаралық экологиялық міндеттемелерін орындау үшін атом энергетикасын дамыту қажеттігі туралы пікірлер беріледі. Осылайша, «Егемен Қазақстан» АЭС-ті экологиялық таза әрі балама энергия көзі ретінде көрсетіп, оның көміртек шығарындыларын төмендету мен энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі ролін жан-жақты талқылайды.

Қоғам пікірі категориясына сәйкес, көріп тұрғандарыңыздай, тек тәуелсіз БАҚ өкілдері ғана халықтың пікіріне құлақ асып, олардың пікірлерін жариялауға тырысқан. Олар қоғамдағы қарсылықтар мен қоғамдық дискуссияларға ерекше назар аударып, бұл тақырыптарды кеңінен талқылаған. Жарияланған материалдарда жастардың қолдарына қолдау бағытындағы плакаттар ұстап шығуына қарсы пікірлер айтылып, үгіт-насихат іс-шараларының көптеп өткізіліп жатқанына баса назар аударылған. Сонымен қатар, тәуелсіз бақылаушылардың қысымға ұшырап жатқаны туралы да жазылған. БАҚ өкілдері АЭС құрылысына байланысты қоғамдық талқылаудың қалай өтіп жатқанын және биліктің бұл жобаны не себепті жүзеге асырғысы келетінін сарапшылармен талқылап, арнайы мақалалар жариялады. Ал мемлекетке тәуелді БАҚ бұл мәселеге мүлде назар аудармаған. Олардың қоғамдағы қарсылық пікірлерді елемеге тырысқаны – нөлдік көрсеткіштерден анық байқалады.

Соңғы айқындалған категория – пропаганда. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдары АЭС құрылысына қолдау білдіру мақсатында кең ауқымды үгіт-насихат жұмыстарын жүргізген. Мемлекеттік медиада атом электр станциясы Қазақстан үшін тиімді әрі стратегиялық маңызы жоғары жоба ретінде сипатталады. Бұл насихаттың басты бағыты – АЭС-тің елдің энергетикалық тәуелсіздігін қамтамасыз ететін маңызды қадам екенін көрсету. Осы мақсатта, БАҚ материалдарында еліміздің электр қуатына деген қажеттілігін өтеу, сыртқы энергия көздеріне тәуелділікті азайту мәселесі жиі қозғалады.

БАҚ-тағы жарияланымдарда АЭС экологиялық таза энергия көзі ретінде көрсетіледі. Көмір мен газ секілді дәстүрлі энергия көздеріне қарағанда, атом энергетикасы парниктік газдардың шығарылуын төмендететіні ерекше атап өтіледі. Бұл – климаттық өзгерістермен күрес және экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін тиімді шешім деген пікір алға тартылады. Сонымен қатар мемлекеттік медиада атом электр станциясының экономикалық даму мүмкіндігін арттыратыны туралы да жиі жазылады. АЭС құрылысының жаңа жұмыс орындарын ашу, инфрақұрылымды дамыту, инвестиция тарту сияқты артықшылықтары кеңінен насихатталған. Осы арқылы халықтың жобаға деген сенімін арттыру көзделген.

Мемлекеттік БАҚ-тың тағы бір негізгі аргументі – АЭС-тің жаңартылатын энергия көздерімен қатар өмір сүре алатын тұрақты энергия жүйесі екені. Яғни, күн және жел электр станцияларының әлеуетін дамыту қажеттігі мойындалғанымен, олардың бірқатар шектеулері бар екені де ескертіледі. Бұл шектеулердің ішінде ауа райының тұрақсыздығы, үздіксіз энергия өндіру мүмкіндігінің болмауы сияқты факторлар айтылады. Осылайша, АЭС – сенімді әрі тұрақты энергия көзі ретінде көрсетіледі.


Бұдан бөлек, мемлекеттік медиада атом электр станциясы "Қазақстанның болашағы" ретінде бейнеленеді. Яғни, халықтың санасына АЭС тек экономикалық және технологиялық прогрестің символы ғана емес, елдің халықаралық аренадағы беделін арттыратын стратегиялық жоба ретінде ұсынылады. Бұл риторика Қазақстанның энергетикалық қауіпсіздігі мен технологиялық дамуын ұлттық жетістік ретінде көрсетуге бағытталған. Мұндай тәсіл, өз кезегінде, халықтың қолдауын арттыруға ықпал етуі мүмкін.

Дегенмен қазақтілді аудитория арасында альтернативті ақпараттың тапшылығы байқалады. Қазақтілді БАҚ-тағы ресурстардың аздығы, әсіресе Власть сияқты тәуелсіз сайттарда қазақша материалдардың жетіспеуі, балама көзқарастардың таралуына кедергі келтіреді. Бұл жағдай қоғамның үлкен бөлігін біржақты ақпарат ағынына тәуелді етіп, АЭС құрылысына қатысты сындарлы пікірталас жүргізу мүмкіндігін шектейді.

Қорытындылай келе, мемлекеттік БАҚ-тың негізгі мақсаты – АЭС-тің қажеттілігін жан-жақты насихаттау екені анық көрінеді. Энергетикалық тәуелсіздік, экологиялық тиімділік, экономикалық даму, халықаралық бедел сияқты факторлар басты аргумент ретінде қолданылады. Дегенмен альтернативті ақпараттың жетіспеуі, балама көзқарастардың жеткілікті деңгейде жарияланбауы қоғамдық дискуссияның біржақты болуына алып келеді. Бұл жағдай халықтың объективті ақпарат алу мүмкіндігін шектеп, АЭС-ке қатысты әртүрлі пікірлердің ашық талқылануына кедергі жасауы мүмкін.

Сонымен қатар 21.09.2024-04.10.2024 аралығында таңдалған БАҚ-та АЭС тақырыбында шыққан мақалалар санын қарастырып көрген едік, нәтижелер төмендегідей болды.

График 2. 21.09.2024-04.10.2024 аралығында таңдалған БАҚ-та АЭС тақырыбында шыққан мақалалар саны



Ескерту. Автордың зерттеу нәтижелеріне сәйкес жасаған графигі

Екі апта ішінде АЭС тақырыбында «Егемен Қазақстан» сайты 43 мақала, «Казахстанская правда» 23 мақала, Властің қазақтілді басылымы 3 ғана мақала жарияласа, орыстілді сайты 14 мақала жариялапты. Бұл жерден мемлекеттік БАҚ-тың орыстілді аудиторияға қарағанда қазақтілді аудиторияға үлкен фокус қоятынын көруге болады. Қазақтілді аудиторияның негізгі ақпарат көздері мемлекеттік БАҚ болғандықтан, АЭС тақырыбында олардың көбіне позитивті, насихаттық бағыттағы материалдар алу ықтималдығы жоғары. Мемлекеттік БАҚ-тың қазақтілді аудиторияға көбірек фокус қоюы белгілі бір саяси және мәдени контекстпен байланысты. Қазақтілді аудиторияның көпшілігі ұлттық құндылықтарға, мемлекеттік бастамаларға жақын болғандықтан, оларға бағытталған насихат тиімді болуы мүмкін. Бұл өз кезегінде, қазақтілді оқырмандар арасында АЭС-ті қолдау деңгейін арттырады. Ал оппозициялық немесе сыни материалдардың тек орыстілді платформаларда таралуы қазақтілді оқырманды біржақты

ақпаратпен шектеуге әкеледі. Ал тәуелсіз БАҚ-тың керісінше, қазақтілді аудиторияға қарағанда орыстілді оқырманға көбірек басымдық беретінін көре аламыз. Сонымен қатар оппозициялық көзқарастағы материалдарды оқу тек қана орыстілді аудитория үшін қолжетімді болуы да қынжылтады. Яғни тәуелсіз БАҚ-та қазақтілді аудитория үшін әзірге қазақ тіліндегі ресурс өте аз.

Қорытынды

Қорытындылай келе, талдау нәтижесі көрсеткендей, мемлекетке тәуелді және тәуелсіз БАҚ өкілдерінің АЭС салуға қатысты күн тәртібі екі түрлі бағытта қалыптасқан. Мемлекетке тәуелді БАҚ – «Егемен Қазақстан» мен «Казахстанская правда» – АЭС-ті экономикалық даму, энергетикалық қауіпсіздік және экологиялық шешім ретінде қолдау мақсатында үгіт-насихат жұмыстарын кеңінен жүргізуде. Бұл материалдарда АЭС құрылысы ел болашағының кепілі, стратегиялық маңызды қадам ретінде сипатталып, оның оң әсері ғана айтылады. Бұл сайттарда балама пікірлердің мүлде болмауы, АЭС құрылысына қатысты сындарлы қоғамдық пікірталасқа кедергі келтіреді. Сонымен қатар қазақтілді аудиторияға ерекше назар аударылуы, қазақтілді аудиторияның ақпаратты тек мемлекеттік көздерден алатындығын айғақтайды. Мемлекеттік БАҚ-тың басты күн тәртібі – АЭС-ті қолдауға бағытталған қоғамдық пікір қалыптастыру. Тәуелсіз БАҚ өкілдері «Власть» сайты, керісінше, АЭС құрылысына сынмен қарап, билік жүргізіп жатқан пропаганданы әшкерелеуге тырысады. Олардың күн тәртібінде референдумның әділдігіне күмән келтіру, АЭС құрылысының қоғамдық талқылаусыз қабылдануы және балама пікірлерге назар аудару бар. «Қабылданып қойған шешімді заңдастыру» немесе «Атомная пропаганда» сияқты мақалалар арқылы АЭС-тің салдары мен биліктің біржақты шешімдері сынға алынады.

Орыс және қазақтілді аудиторияға ақпарат тарату ерекшеліктеріне тоқталсақ, ақпарат таратуда мемлекеттік және тәуелсіз БАҚ арасындағы айырмашылық айқын көрінеді. Мемлекеттік БАҚ қазақтілді аудиторияға үлкен фокус қойып, АЭС-ті қолдауға бағытталған ақпаратты молынан таратуда. «Егемен Қазақстан» контенті қазақ аудиториясының елдік мүдде, қауіпсіздік, даму сияқты тақырыптарға сезімталдығын ескеріп, сенім қалыптастыруға негізделген. Мақалалардың басым көпшілігі АЭС-ті ұлттық жетістік ретінде ұсынады. Ал тәуелсіз БАҚ-тың сыни материалдары көбіне орыстілді аудиторияға бағытталған. Қазақтілді балама ресурстардың аздығы қазақ аудиториясын біржақты, мемлекеттік ақпаратпен шектеуде. Тәуелсіз көзқарастағы ақпараттың қазақ тілінде аз болуы қазақтілді қоғамның сыни пікірлерден хабарсыз қалуына себеп болып отыр.

Жалпы алғанда, мемлекетке тәуелді БАҚ қазақтілді аудиторияға АЭС-ті қолдауға бағытталған ақпарат таратып, күн тәртібін біржақты қалыптастырады. Ал тәуелсіз БАҚ орыстілді аудиторияға сындарлы ақпарат ұсынып, балама пікірлерді алға тартады. Ақпараттық теңсіздік жағдайында қазақтілді аудиторияға сыни көзқарас пен балама пікірлердің қолжетімділігін арттыру – шешімін күткен маңызды мәселе болып қалмақ.

Әдебиеттер тізімі

- Balockaite, R. & Rinkevicius, L. (2009). Nuclear power discourse in Lithuanian mass media and public opinion: attitudinal divergencies and the emerging talking and acting classes in the risk society. *Filosofija Sociologija*. 20, 259-270.
- Callaghan, K. & Schnell, F. (2005). *Framing American Politics*. University of Chicago Press.
- Cohen, B.C. (1963). *The Press and Foreign Policy*. Princeton University Press.
- Culley, M., Ogley-Oliver, E., Carton, A. & Street, J. (2010). Media Framing of Proposed Nuclear Reactors: An Analysis of Print Media. *Journal of Community & Applied Social Psychology*, 20(6), 497–512. <https://doi.org/10.1002/casp.1056>
- Drisko, J., & Maschi, T. (2016). *Content Analysis*. Oxford University Press.
- Entman, R. M. (1993). Framing: Toward Clarification of a Fractured Paradigm. *Journal of Communication*, 43(4), 51–58. <https://doi.org/10.1111/j.1460-2466.1993.tb01304.x>
- Freedom House. (2023). *Kazakhstan: Freedom in the World 2023 Country Report*. <https://freedomhouse.org/country/kazakhstan/freedom-world/2023>
- Gamson, W., Modigliani, A. (1989). Media discourse and public opinion on nuclear power: A constructionist approach. <http://ereserve.library.utah.edu/Annual/COMM/7000/Sun/mediadiscourse.pdf>
- Hepp, A. (2019). Katz/Lazarsfeld (1955): Personal Influence. 10.1007/978-3-658-21742-6_67.
- Herman, E. S., Chomsky, N. (1988). *Manufacturing consent: The political economy of the mass media*. Pantheon Book.
- Kasperson, R. (1988). The social amplification of risk: A conceptual framework. *Risk Analysis*. 8(2), 177–187.
- Katz, E., & Lazarsfeld, F. P. (1955). *Personal influence: the part played by people in the flow of mass communications*. The Free Press.
- Katz, E., Lazarsfeld, P.F. (1955). *Personal influence: The part played by people in the flow of mass communications*, The Free Press, New York
- Krippendorff, K. (1980). *Content Analysis: An Introduction to its Methodology*. SAGE Publications, Inc.
- Matsaganis, M. D., & Payne, J. G. (2005). Agenda Setting in a Culture of Fear. *American Behavioral Scientist*.
- McCombs, M. (2008). *Setting the agenda: The mass media and public opinion*. Polity Press.
- McCombs, M. E., & Shaw, D. L. (1972). The Agenda-Setting Function of Mass Media. *The Public Opinion Quarterly*, 36(2), 176–187. <http://www.jstor.org/stable/2747787>
- McCombs, M. & Shaw, D. (2017). The Agenda-Setting function of mass media. *The Agenda Setting Journal*, 36, 176-187.
- McQuail D., (2007). *McQuail's Mass Communication Theory* (6th ed.). Sage Publications.
- Melber, B. D., Nealey, S. M., Hammersla, J., & Rankin, W. L. (1977). *Nuclear power and the public: Analysis of collected survey research* (No. PNL-2430). Battelle Human Affairs Research Center.
- Mercado-Sáez, M. T., Marco-Crespo, E., & Álvarez-Villa, À. (2019). Exploring news frames, sources and editorial lines on newspaper coverage of nuclear energy in Spain. *Environmental Communication*, 13(4), 546–559. <https://doi.org/10.1080/17524032.2018.1435558>
- Nisbet, M. (2006). Going Nuclear: Frames and Public Opinion about Atomic Energy. *Skeptical Inquirer*. https://skepticalinquirer.org/exclusive/going_nuclear_frames_and_public_opinion_about_atomic_energy/
- Nussipov, A. (2019). Media Influence Matrix: Funding Journalism in Kazakhstan. *Center for Media*,

- Data and Society*, <https://cmds.ceu.edu/article/2019-06-17/journalism-funding-kazakhstan-government-affair>
- Singer, E., Endreny, P. M. (1993). *Reporting on risk: How the mass media portray accidents, diseases, disasters, and other hazards*. Russell Sage. <https://www.russellsage.org/sites/default/files/ReportingonRisk.pdf>
- Zukas, K.J. (2018). No conflict, no coverage: Media misses repeal of nuclear energy moratorium. *Cogent Social Sciences*, 4 (1). <https://doi.org/10.1080/23311886.2018.1444909>
- «Атомный» прирост. Почему в мире активно строят АЭС. (2024, қыркүйек 25) *Казахстанская правда*. <https://kazpravda.kz/n/atomnyy-prirost-pochemu-v-mire-aktivno-stroyat-aes/> Соңғы қаралған күні: 20.12.2024
- 24 нарушения законодательства о референдуме выявлено в Казахстане – Генпрокуратура. (2024, қазан 4) *Власть*. <https://vlast.kz/novosti/62106-24-narusenia-zakonodatelstva-o-referendume-vyavleno-v-kazahstane-genprokuratura.html> Соңғы қаралған күні: 20.12.2024
- Атомная пропаганда. (2024, қазан 2) *Власть*. <https://vlast.kz/politika/62075-atomnaa-propaganda.html> Соңғы қаралған күні: 20.12.2024
- АЭС – сенімді энергия көзі. (2024, қыркүйек 27) *Егемен Қазақстан*. <https://egemen.kz/article/373094-aes-senimdi-energiya-kozi> Соңғы қаралған күні: 20.12.2024
- АЭС – энергетикалық қауіпсіздік. (2024, қазан 2) *Егемен Қазақстан*. <https://egemen.kz/article/373386-aes-%E2%80%93-energetikalyq-qauipsizdik> Соңғы қаралған күні: 20.12.2024
- АЭС игілігін барша жұрт көреді. (2024, қыркүйек 25) *Егемен Қазақстан*. <https://egemen.kz/article/372933-aes-igiligin-barsha-dgurt-koredi> Соңғы қаралған күні: 20.12.2024
- АЭС салу қалай насихатталып жатыр? (2024, қазан 4) *Власть Qazaqsha*. <https://vlast.kz/vlast-qazaqsha/62109-aes-salu-kalaj-nasihattalyp-zatyr.html> Соңғы қаралған күні: 20.12.2024
- Без независимых наблюдателей результаты будут искажены. (2024, қыркүйек 27) *Власть*. <https://vlast.kz/politika/62025-bez-nezavisimyh-nabludatelej-rezultaty-budut-iskazeny.html> Соңғы қаралған күні: 20.12.2024
- Выбор в отношении строительства АЭС должен сделать сам народ. (2024, қыркүйек 28) *Казахстанская правда*. <https://kazpravda.kz/n/vybor-v-otnoshenii-stroitelstva-aes-dolzhen-sdelat-sam-narod/> Соңғы қаралған күні: 20.12.2024
- Қабылданып қойған шешімді заңдастыру ғана. (2024, тамыз 23) *Власть Qazaqsha*. <https://vlast.kz/vlast-qazaqsha/61562-kabyldanyp-kojgan-sesimdi-zadastyru-gana.html> Соңғы қаралған күні: 20.12.2024
- Международные стандарты в строительстве АЭС в Казахстане: гарантия безопасности и надежности. (2024, қазан 2) *Казахстанская правда*. <https://kazpravda.kz/n/mezhdunarodnye-standarty-v-stroitelstve-aes-v-kazahstane-garantiya-bezopasnosti-i-nadezhnosti/> Соңғы қаралған күні: 20.12.2024
- Сұлтанов, Қ. (2023). Қазақстандағы атом энергетикасының тарихы: сынақтардан орнықты дамуға дейін. *Қазақстан энергетика журналы*, 10(2), 45–60.
- Тәуелсіз бақылаушыларсыз нәтиже бұрмаланады. (2024, қазан 1) *Власть Qazaqsha*. <https://vlast.kz/vlast-qazaqsha/62060-tuelsiz-bakylaushylarsyz-ntize-brmalanady.html> Соңғы қаралған күні: 20.12.2024
- Черных, А. (2008). Социология массовых коммуникаций. Издательский дом ГУ ВШЭ. <https://id.hse.ru/data/2010/11/03/1223349159/1.2.pdf>

IRSTI: 19.45.91

Nuclear Power Plants in Media Discourse: Features of Agenda Formation and Influence on Public Perception

Assel Mergenova
SDU University, Kaskelen, Kazakhstan
email: 241308001@sdu.edu.kz

Abstract

On September 2, 2024, Kassym-Jomart Tokayev announced the date of the referendum on the construction of the country's first nuclear power plant. From that moment, this event sparked widespread public discussions in the media space. This study employs the agenda-setting theory to analyze how state-funded and independent media covered the issue of nuclear power plant construction in Kazakhstan. The article aims to identify the characteristics of agenda formation within the contemporary media discourse on nuclear power plant construction in Kazakhstan and examine its impact on public perception. In particular, the study seeks to answer the following questions: what kind of agenda do state-dependent and independent media promote regarding the construction of nuclear power plants? Is the same information disseminated to both Russian-speaking and Kazakh-speaking audiences? To achieve this goal, a content analysis was conducted on the Kazakh-language and Russian-language news websites of two leading media outlets. The first group consists of state-funded publications: Egemen Qazaqstan (a Kazakh-language news site) and Kazakhstanskaya Pravda (a Russian-language platform). The second group includes the independent publication Vlast.kz, which operates in both Kazakh and Russian languages. To obtain a comprehensive picture, articles and news reports from the two weeks preceding the referendum were analyzed, as this period saw a significant increase in media coverage. A total of n=12 news articles were examined, with three articles selected from each media outlet. The findings confirmed the hypothesis that in the two weeks leading up to the referendum, state-funded media predominantly promoted an agenda in favor of nuclear power plant construction.

Keywords: agenda-setting, framing, NPP, Egemen Qazaqstan, Kazakhstanskaya Pravda, Vlast.kz.

МРНТИ: 19.45.91

АЭС в медиадискурсе: особенности формирования информационной повестки и влияние на общественное восприятие

Мергенова Асель
SDU University, Каскелен, Казахстан
email: 241308001@sdu.edu.kz

Аннотация

2 сентября 2024 года К.К. Токаев объявил дату референдума по строительству первой атомной электростанции (АЭС) в Казахстане. С этого момента данное событие вызвало широкие общественные дискуссии в медиaprостранстве. В этом исследовании используется теория формирования повестки дня для анализа того, как государственные и независимые СМИ освещали вопрос строительства АЭС. Цель статьи — выявить особенности формирования информационной повестки в рамках современного медиадискурса по теме строительства АЭС в Казахстане, а также изучить ее влияние на общественное восприятие. В частности, исследование стремится ответить на следующие вопросы: какую повестку

продвигают зависимые от государства и независимые СМИ в отношении строительства АЭС? и Одинаковая ли информация распространяется для русскоязычной и казахскоязычной аудитории?. Для достижения этой цели был проведен контент-анализ казахскоязычных и русскоязычных новостных сайтов двух ведущих СМИ. Первое – государственные издания «Егемен Қазақстан» (казахскоязычный новостной сайт) и «Казахстанская правда» (русскоязычный ресурс). Второе – независимое издание «Vlast.kz», представленное как на казахском, так и на русском языках. Для получения целостной картины были проанализированы статьи и новости за две недели до референдума, так как в этот период наблюдалась высокая интенсивность информационного освещения. Всего было рассмотрено n=12 новостных статей (по три от каждого СМИ). Результаты подтвердили гипотезу о том, что в течение двух недель до референдума государственные СМИ продвигали повестку в поддержку строительства АЭС.

Ключевые слова: формирование повестки дня, фрейминг, АЭС, Егемен Қазақстан, Казахстанская правда, Vlast.kz.

DOI: <https://doi.org/10.47344/sdubss.v55i1.002>

FTAMP: 19.45.91

2024 жылғы батыс өңірлеріндегі су тасқынын көрсетудегі қазақстандық БАҚ-тың рөлі

Акерке Оралбек

SDU University, Қаскелең, Қазақстан

email: 241309001@sdu.edu.kz

Аңдатпа

Бұл зерттеу 2024 жылғы Батыс Қазақстандағы су тасқынын көрсету барысында мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарының рөлін күн тәртібін орнату және фрейминг теориясы аясында қарастырады. Табиғи апаттар туралы медиадағы жарияланымдар үкіметтің әрекетіне, төтенше жағдайлар қызметінің жұмысын бағалауға және азаматтардың апатқа деген көзқарасына әсер етеді. Алайда кейде БАҚ мұндай оқиғаларды сенсацияға бейімдеп, шок, дүрбелең, кейіпкерлер мен эмоциялық аспектілерге ерекше назар аударады. Бұл зерттеудің мақсаты – 2024 жылғы су тасқыны қазақстандық медиада қалай көрсетілгенін және қандай фреймдер басым болғанын анықтау. Осы мақсатта *Tengrinews.kz* және *Ақ Жайық* сайттарындағы 2024 жылы 24 ақпан мен 14 сәуір аралығында жарық көрген 30 материалға сандық және сапалық контент талдау жүргізілді. Бұл басылымдар аудитория көлемі, ұстанымдары мен таралу ауқымына қарай талдануға таңдалды. Зерттеу нәтижесінде су тасқыны жайлы жарияланымдарда төтенше жағдайлар, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың мәлімдемелері, зардап шеккендер, көмек көрсету, үкімет әрекеті және инфрақұрылымның бұзылуы секілді тақырыптардың басым болғаны анықталды.

Кілт сөздер: Су тасқыны, фрейминг, ақпараттандыру, күн тәртібі, Батыс Қазақстан, Tengrinews, Ақ жайық, мемлекеттік БАҚ.

Кіріспе

Табиғат апаттары туралы жаңалықтар қоғамның оларға деген көзқарасын қалыптастырып қана қоймайды, сонымен бірге олардың оқиғаға реакциясын анықтайды. Оқырманға ақпарат жеткізуде, апаттың себеп-салдарын нақты көрсетуде журналистер мен редакторлардың рөлі зор. Ағымдағы зерттеу Батыс Қазақстандағы 2024 жылғы су тасқыны туралы бұқаралық ақпарат құралдарында көрсетілуін талдауға бағытталған. Атап айтқанда, зерттеу бұқаралық ақпарат құралдарында су тасқыны туралы ақпарат болып-болмағанын және су тасқынының қалай жарияланғанын бағалауға тырысады. Басты назар онлайн газеттерге аударылады. Зерттеу мерзімі 2024 жылы 24 ақпан және 14 сәуір аралығы. Батыс өңірлері мезгіл-мезгіл табиғи апаттарға ұшырайтындығымен танымал. Су тасқыны көптеген адамдарды азық-түлік пен таза сусыз, психологиялық алғашқы көмексіз қалдырды. Осылайша, Қазақстан президенті Қасым Жомарт Тоқаев су тасқынының ауырлығына байланысты ұлттық апат жағдайын жариялады. Табиғи апаттарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды зерттейтін әдебиеттер бар (Бенет және Даниэль, 2002; Эварт пен Маклин, 2015; Дакал, 2018). Мысалы, Le Roux (2014) БАҚ апаттарды басқарудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылатынын түсіндіреді. Дхакал (2018) табиғи апаттар кезіндегі бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі апаттардың жалғасып жатқан әлеуметтік-экономикалық шындықтары және олардың адамдарға қалай әсер ететіні туралы хабарлау екенін атап өту өте маңызды екенін түсіндіреді. Соғыс сияқты басқа апаттар да бұқаралық ақпарат құралдарының басты назарында болды. Мысалы, Сирия соғысын Сауд

Арабиясындағы араб баспасөзі мен Ирандағы Тегеран баспасөзі басқаша жазды (Юсаф, Хан, Альви, 2020). Бұқаралық ақпарат құралдары соғыс жүріп жатқан аймақта болған оқиғаларды әртүрлі түсіндірді. Зерттеушілер сонымен қатар дамушы елдердегі COVID-19 сілкіністері туралы хабарлаудағы бұқаралық ақпарат құралдарының рөлін зерттеді. Зимбабве сияқты елдерде БАҚ вирус, оның шығу тегі мен елге тигізетін салдары туралы жаңалықтарға қол жеткізу үшін платформа ретінде пайдаланылды (Таракини, Мведзи, Манючи және Таракини, 2021). Сондықтан апаттар кезінде БАҚ-тың рөлін бағаламау мүмкін емес. Бұқаралық ақпарат құралдарының үкіметтің апаттарға қалай әрекет ететініне, төтенше жағдайлар қызметінің апаттармен қалай күресетініне және адамдардың апаттар туралы жаңалықтарды қалай қабылдап, қалай әрекет ететініне әсер ету мүмкіндігі бар. Дегенмен, БАҚ кейде апаттар туралы жаңалықтарды сенсациялайды және дүрбелең, тонау, шок, пайда болған кейіпкерлер мен зұлым адамдар, адамдар қақтығысы және азап сияқты басқа көріністерге назар аударады (Дхакал, 2018).

Бірақ басқа уақытта БАҚ апаттың мәдени, білім беру, қаржылық, тарихи, саяси және әлеуметтік аспектілеріне назар аудару арқылы маңызды рөл атқарады (Durfee, 2005). Дағдарыс кезінде БАҚ әрекет ету тәсілдерін зерттеу өте маңызды. Сондықтан, мақала қазақстандық интернет-газеттердегі мақалалардың мазмұнына талдау жасауды, олардың Батыс өңірлеріндегі су тасқыны туралы хабарлағанын және су тасқынын қалай қамтығанын зерттеуді мақсат етеді. Бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі дағдарыс кезінде де айқын көрінеді. Хадланд (2010) бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі даусыз екенін және БАҚ дағдарыс кезінде қоғамды қалыптастыруда, ақпараттандыруда және дауыс беруде күшті рөл атқаратынын атап көрсетеді. Кез келген дағдарыс кезінде адамдар қатты күйзеліске ұшырайды. Мирбабай, Бункер, Стиглиц, Маркс және Эхнис (2020) осындай кезде азаматтарға айналасында не болып жатқанын түсіну үшін және дағдарыстан қалай сақтануға болатыны жайлы ақпарат алу үшін арнайы платформа қажет екенін айтады. Мәселен, COVID-19 пандемиясы кезінде әлеуметтік желілер мен жалпы бұқаралық ақпарат құралдары халықты тез және кең көлемде ақпараттандырып, маңызды рөл атқарды. Әлеуметтік желілердің жалған ақпарат, қорқыту немесе оқиғаны болмашы етіп көрсету секілді теріс тұстары болғанымен (Mirbabaie және т.б., 2020), олардың қоғамды ақпараттандыру және білім беру ісіндегі маңызы да үлкен екенін байқадық. Фури (2018), Крото мен Хойнс (2019) сияқты зерттеушілер де дағдарыс кезінде БАҚ пен қоғам арасында сенім және өзара тиімді байланыс орнауы аса маңызды екенін атап өтеді. Бұл мақалада БАҚ-тың су тасқынын қалай жариялағанын және медиа белгілі бір мәселелерді басты назарға қойып, қоғамдық талқылауға арқау ете ме, жоқ па – соны талдау көзделіп отыр. Себебі бұқаралық ақпарат құралдары адамдардың өмірінде үлкен рөл атқарады, ал әлеуметтік желілер кейде жағдайды (мысалы, су тасқыны секілді төтенше жағдайды) шектен тыс әсірелеп көрсетуге бейім келеді. Сондықтан медиа зерттеушілеріне БАҚ қалай жұмыс істейтінін тұрақты түрде талдап, ақпарат таратушы да, сонымен бірге төреші де рөлін қатар алып жүрген кезде бағыт-бағдар беріп отыру маңызды. Осыған орай, бұл мақала келесі зерттеу сұрақтарына жауап іздейді. Төтенше жағдайлар мен зардап шеккендер туралы ақпарат қалай сипатталды? Ақпарат құралдарындағы мақалалар ең көп кімнің репрезентациясын көрсетті? Аталған зерттеу алты бөлімнен тұрады. Келесі бөлімде әдебиетке шолу жасалса, одан кейінгі бөлім теориялық негіздеме береді. Одан кейінгі бөлімдерде зерттеу әдіснамасы, нәтижелері және талқылау қамтылған.

Әдебиетке шолу

Су тасқыны – бұл тек табиғи апат ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік, экономикалық және гуманитарлық мәселелерге де қатысты маңызды оқиға. Мұндай жағдайда бұқаралық

ақпарат құралдарының рөлі ерекше маңызға ие болады. БАҚ су тасқыны кезінде халықты ақпараттандыру, қауіпті азайту, қорғану және көмек көрсету сияқты маңызды функцияларды атқарады. Әдебиеттерді талдау негізінде БАҚ-тың бұл апаттарды берудегі рөлін бірнеше негізгі бағытта қарастыруға болады. Бүгінгі бір-бірімен байланысты әлемде апаттың әсері зардап шеккен елдің шекарасынан тыс жерде біздің «жалпы әлем туралы хабардар болуымыздың» арқасында сезіледі (Коттл, 2009, б. 1). Нәтижесінде халықаралық сипаттағы апаттардың жиілігі соңғы жылдары күрт өсті. Мысалы, «соңғы екі онжылдықта табиғи апаттардың жалпы саны төрт есе өсті, олардың көпшілігі су тасқыны, циклондар мен дауылдар. Дәл осы кезеңде апаттардан зардап шеккен адамдардың саны шамамен жылына 174 миллионнан орташа есеппен 250 миллионнан астамға дейін өсті» (Коттл, 2009, б. 42). Демек, бұл апаттармен күресу үшін жаһандық күш-жігер қажет. Коттл (2009) пікірін жалғастырғандай, біздің апаттарды тануымыз және оларға әрекет етуіміз негізінен бұқаралық ақпарат құралдарына байланысты: халықаралық апаттар «қазіргі ақпарат құралдарында анықталған және ойластырылған, құрастырылған және таласқан» (б. 1). 2016 жылы дүние жүзінде 342 табиғи апат 8 733 адамның өмірін қиды (2016 жылғы Апаттар туралы жылдық статистикалық шолу: сандар мен тенденциялар - Әлем, 2018), бүкіл әлем бойынша жалпы шығын \$175 млрд құрады (Райли, 2018). Осылайша, табиғи апатпен бетпе-бет келгенде, жаңалықтар ағымдағы әрекетті анықтап қана қоймайды, сонымен қатар болашақ апаттардың алдын алу үшін саясатты қалыптастыруға көмектеседі (Ван Белле, 2000, бб. 50-51). Дегенмен, осы апаттардың аз ғана бөлігі бірдей деңгейде жаңалықтарда қамтылды. Су тасқыны кезінде халықты уақытылы ақпараттандыру – адам өмірін қорғауда шешуші қадамдардың бірі. Көптеген зерттеулер БАҚ-тың апат алдындағы ақпараттық ролін айқындайды. Мысалы, Basu (2006) және Houston et al. (2015) еңбектері бұқаралық ақпарат құралдарының су тасқыны басталған сәтте халықты тез арада ақпараттандырудағы маңызын атап өтеді. БАҚ алдын ала ескерту жасау арқылы тұрғындарға апаттың ықтимал қаупін ескертіп, оларды қауіпсіз аймақтарға көшуге шақырады. Су тасқыны кезінде БАҚ-тың негізгі міндеттерінің бірі – түсінікті әрі дәл ақпарат беру. Қауіпсіздік ережелері, көмек пункттері мен жолдар туралы мәліметтер түсіндірілуі тиіс. Кейбір зерттеулер, атап айтқанда, Graber (2009) және Murthy (2013) ақпарат құралдарының тұрғындарға қандай әрекеттерді орындау керектігін түсіндіруде және бағыт-бағдар берудегі рөліне назар аударады. Жергілікті деңгейде хабар тарататын медиа ұйымдар халықты қажетті қауіпсіздік шаралары туралы мәліметпен қамтамасыз етіп, олардың дұрыс әрекет жасауына жағдай жасайды. Су тасқыны сияқты табиғи апаттар кезінде журналистердің міндеті тек ақпарат беру емес, сонымен қатар қоғамға нақты және пайдалы ақпаратты уақытында жеткізу болып табылады. Fink (1986) пен Scanlon (1998) еңбектерінде атап өтілгендей, апаттық журналистика этикасы, ақпараттың дәлдігі мен объективтілігі, жалған ақпарат таратпау сияқты мәселелер маңызды рөл атқарады. БАҚ жағдайды анық түсіндіру арқылы адамдарға қолдау көрсетіп, жалған үрей тудырудан аулақ болуы керек.

Су тасқынын көрсету барысында БАҚ тек оқиғаның өзіне ғана емес, сонымен қатар су тасқынының себептерін, оның ішінде құрылыс нормаларын бұзу, экологиялық мәселелер және су ресурстарын дұрыс басқармау сияқты факторларды да қамтуы мүмкін. Локер (2014) және Houston (2016) еңбектерінде БАҚ-тың су тасқынына себеп болған мәселелерді көтеруі арқылы қоғам назарын әлеуметтік әділетсіздіктерге аударуы жайлы айтылған. Сонымен қатар, билік органдарының су тасқыны кезіндегі әрекеттерін бақылауда ұстау, олардың жауапкершілігін көрсету де БАҚ рөліне кіреді. Су тасқыны өткеннен кейін БАҚ-тың міндеті апаттың салдарын жеңілдету және қалпына келтіру кезеңіндегі жұмыстарды көрсетуге ауысады. Мысалы, Zhang (2011) және Allan et al. (2008) зерттеулерінде БАҚ-тың қалпына келтіру жұмыстары, көмек көрсету бастамалары туралы ақпарат беруі адамдардың бұл процестерге атсалысуына септігін

тигізетіні айтылған. БАҚ әлеуметтік қолдау көрсетуге және қайырымдылық ұйымдарын ынталандыруға көмектеседі.

БАҚ-тың ұзақ мерзімді рөліне апаттың салдарлары мен оларды алдын алуға қатысты қоғамдық пікір қалыптастыру жатады. Бонгар (2012) мен Эриксон (2015) жұмыстарында БАҚ-тың табиғи апаттарды алдын алу мен қауіпсіздік шараларына қатысты халықтың көзқарасын өзгерту рөлін атап көрсетеді. БАҚ су тасқыны сияқты апаттарға байланысты халық арасында әлеуметтік жауапкершілік пен болашақта қауіп-қатерді азайтуға деген ұмтылысты қалыптастырады.

Интернеттің және әлеуметтік медианың дамуы БАҚ-тың ақпаратты жедел тарату мүмкіндігін арттырды. Houston (2012) және Simon (2017) зерттеулері әлеуметтік желілердің және мобильді қосымшалардың су тасқыны туралы ақпаратты жылдам таратудағы маңыздылығын атап көрсетеді. Әлеуметтік медиа арқылы тұрғындар бір-бірімен тез арада ақпарат алмасып, қауіпті аймақтар туралы нақты уақыттағы мәліметтер ала алады.

Әдебиеттерге шолу көрсеткендей, БАҚ су тасқыны сияқты табиғи апаттарды көрсетуде көпқырлы рөл атқарады. БАҚ-тың басты міндеті – халықты ақпараттандыру, қауіпсіздік шараларын түсіндіру, қоғамдық пікір қалыптастыру және билікті жауапкершілікке шақыру. Қазіргі заманғы медиа құралдарының дамуы БАҚ-тың су тасқыны кезінде ғана емес, алдын алу және қалпына келтіру кезеңдерінде де қоғамға әсерін күшейте түседі. Бұл мәселе жөнінде Қазақстан аумағында әзірге зерттеулер жүргізілмеген. Қолда бар мәліметтер тек шетелдік еңбектердегі шетелдік тәжірибеге сүйенеді. Сол себепті Қазақстан контекстінде бұл зерттеу алғашқы бастамалардың қатарынан орын алмақ.

Күн тәртібін құру және фрейминг теориясы

Күн тәртібін құру теориясы алғаш рет Максвелл МакКомбс пен Дональд Шоудың 1972 жылы жүргізген зерттеуінен бастау алды. Бұл теория бойынша бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) қандай оқиғаларды жариялайтынын және бұл оқиғалардың маңыздылығын қалай көрсететінін анықтай отырып, қоғамда пікір қалыптастырады. БАҚ оқиғалардың белгілі бір аспектілерін көрсетіп, аудиторияның назары мен қабылдауын басқара алады. Зерттеулер БАҚ-тағы басым тақырыптар мен адамдардың сол мәселеге назар аудару деңгейі арасында тікелей байланыс бар екенін көрсетеді (McCombs & Shaw, 1972).

Фрейминг (framing) – бұл мазмұнды бейнелеу тәсілі. Фрейминг теориясы БАҚ-тың ақпаратты беру тәсілін және оны аудитория қалай қабылдайтынын зерттейді. Эрвинг Гоффман ұсынған фрейминг тұжырымдамасына сәйкес, ақпараттың құрылымы оның мазмұнына және түсінілуіне ықпал етеді. Фреймдер аудиторияның оқиғаларды түсінуі мен оларға реакциясын бағыттайды. Кейбір зерттеулер табиғи апаттарды қамтуда эмоциялық фреймдердің (мысалы, жәбірленушілер туралы оқиғалар) аудиторияда көбірек назар аудартатынын анықтаған (Entman, 1993).

Гоффман (1974) фрейминг ұғымын алғаш рет дамытқан ғалымдардың бірі болып табылады. Ол фреймдерді «оқиғаларды – әсіресе әлеуметтік оқиғаларды – ұйымдастыру қағидалары және олардағы біздің субъективті қатысуымыз» деп анықтайды (10-бет). Фреймдер адамдарға мәселелер мен олардың шешімдерін «анықтауға, қабылдауға, тануға және белгілеуге» көмектеседі (б. 21). Энтманның (1993) айтуынша, фрейминг таңдау мен маңыздылықты қамтиды. Оның пікірінше, фреймдер «мәселелерді анықтау, олардың себептерін талдау, моральдық бағалау жасау және шешу жолдарын ұсыну» қызметін атқарады (McQuail, 2005, б. 378). Екі теория БАҚ-тың аудиторияға әсер ету механизмдерін әртүрлі қырынан қарастырғанымен, олар

бір-бірін толықтырады. Кейбір зерттеулер табиғи апаттарды қамту кезінде БАҚ көбінесе қысқа мерзімді салдарға (шығындар мен зардаптар) назар аударып, ұзақ мерзімді мәселелерді (экологиялық немесе экономикалық қалпына келтіру) назардан тыс қалдыратынын көрсетеді (Miles & Morse, 2007). Сонымен қатар, БАҚ биліктің әрекетін көрсету үшін немесе жапа шеккен халықтың мәселелерін көтеру арқылы әлеуметтік әділеттілікке шақыру үшін де фреймдерді қолдануы мүмкін.

Нақтырақ айтқанда, «фрейминг – белгілі бір қабылданған шындықтың кейбір аспектілерін таңдап, оларды коммуникациялық мәтінде аса маңызды етіп көрсету арқылы белгілі бір мәселені анықтау, себептерін түсіндіру, моральдық бағалау жасау және/немесе ұсынылған шешімді насихаттау» (Entman, 1993, б. 52). Осылайша, фреймингті «оқиғаға берілген ракурс немесе ілмек» деп сипаттауға болады. Ол «оқиғалардың дамып келе жатқан тізбегіне мағына беретін және олардың арасындағы байланысты қалыптастыратын негізгі ұйымдастырушы идея немесе сюжет желісі» болып табылады (Gamson & Modigliani, 1987, б. 143).

Апаттан кейін медиа қоғамды болған оқиғалар, олардың себептері, жағдайды жеңілдету үшін қандай шаралар қабылданып жатқаны және болашақта не күтуге болатыны туралы хабардар етуі керек. Проблеманы белгілі бір тұрғыдан көрсету мақсатында медиа жаңалықтарды белгілі бір перспективаларда ұсыну арқылы жұртшылықтың ақпаратты қабылдауын ұйымдастыруға және түсінуіне көмектеседі. Гросстың (2006) түсіндіруінше, «фреймдер оқиғаның немесе саясаттың белгілі бір аспектілерін ерекшелеу арқылы аудитория мүшелерінің бұл оқиға немесе мәселе туралы ойларын алдын ала болжанатын бағытқа, болжанатын қорытындыға жетелейтіндей етіп бағыттайды» (б. 3). Бұл фрейминг функциясының сипаттамасы екі түрлі фреймді – медиа фреймдер мен аудитория фреймдерін – қамтиды. Гитлин (1980) медиа фреймдерді «символикалық ақпарат таратушылар [журналистер] дискурсты – вербалды немесе визуалды түрде – ұйымдастыру үшін үнемі қолданатын когниция, интерпретация және презентация үлгілері, таңдау, екпін беру және алып тастау әдістері» деп анықтайды (б. 7).

Осыған ұқсас, аудитория фреймдерін медиа хабарламалар арқылы қалыптасатын, аудиторияның объектілерді, мәселелерді және оқиғаларды қабылдауындағы тұрақты когнитивті және интерпретациялық үлгілер деп сипаттауға болады. Фрейминг теориясы бойынша, медиа фреймдер шындықтың кейбір аспектілерін басқаларына қарағанда көбірек ерекшелеп көрсету арқылы жеке ойлауға әсер етеді (Gamson et al., 1992). Гитлиннің (1980) пікірінше, «көбіне айтылмайтын және мойындалмайтын медиа фреймдер әлемді тек журналистер үшін ғана емес, сонымен қатар олардың репортаждарына сенетін біздер үшін де ұйымдастырады» (б. 7). Ол журналистиканың табиғаты мен әдістері жаңалықтардың кейбір аспектілерін басқаларына қарағанда көбірек көрсетуге итермелейтінін алға тартады. Бұл әдістер «оқиғаны анықтауға, басты кейіпкерлерді белгілеуге және... аудиторияның оларға деген тиісті көзқарасын қалыптастыруға» бейімделген (Korlatadze, 2004, б. 19). Энтманның (1993) түсіндіруінше, медиа фреймдер аудиторияның белгілі бір мәселеге қатысты интерпретациясына әсер етеді, өйткені олар кейбір элементтерді үлкейтіп немесе кішірейтіп, олардың маңыздылығын арттырады немесе азайтады. Медиа фреймдер адамдардың бұрынғы танымдық схемаларымен өзара әрекеттесіп, мәселені түсіндіруді анықтайтын жаңа, оңай қолжетімді когнитивті схемаларды қалыптастырады (Shen, 2004).

Фреймингті талдау журналистер ақпаратты белгілі бір тәсілдермен сұрыптайды, бұл аудитория мүшелерінің мәселелерді, оқиғаларды немесе хикаяларды түсінуіне әсер етеді деген болжамға негізделеді (Lowery & DeFleur, 1995, б. 327). Журналистер белгілі бір фактілерді таңдау, кейбір мәселелер мен оқиғаларды басқаларына қарағанда көбірек ерекшелеу және ақпаратты белгілі бір ретпен ұсыну арқылы аудиторияның көзқарасы мен мінез-құлқына ықпал

ете алады. Күн тәртібін құру және фреймиң теориясы бұқаралық ақпарат құралдарының жаңалықтар мен су тасқыны сияқты мәселелерді қалай көрсететінін түсінуге нақты көзқарас береді. Coleman et al. (2009) БАҚ-тағы күн тәртібін белгілеуді бұқаралық ақпарат құралдарының белгілі бір мәселелерді жиі және көрнекті түрде ұсынатын процесі ретінде анықтайды, нәтижесінде қоғамның үлкен сегменттері бұл мәселелерді басқаларға қарағанда маңыздырақ деп қабылдайды. Бұл Батыс өңірлеріндегі сәуірдегі су тасқыны сияқты белгілі бір мәселені бұқаралық ақпарат құралдарында көбірек жазған сайын, оның адамдар үшін маңыздылығы арта түсетінін көрсетеді. Бұл сондай-ақ адамдар белгілі бір мәселеге назар аудармаса да, бұқаралық ақпарат құралдарының бұл мәселені жиі жариялауына байланысты, ол көп ұзамай адамдар үшін маңызды бола бастайды дегенді білдіреді. McCombs, Shaw, Weaver (2014) күн тәртібін құрудың үш деңгейін атап өтті және осы зерттеу үшін бірінші деңгей мәселелердің, саяси қайраткерлердің және саясаткерлердің және басқа назар аударатын нысандардың маңыздылығына қатысты медианың қоғамдық күн тәртібіне әсерін нақты түсінуге мүмкіндік берді. Зерттеушілер бұл теорияны сәуір айындағы су тасқыны туралы бұқаралық ақпарат құралдарында жариялаудың ықтимал күн тәртібін зерттеуде маңызды деп тапты.

Жоғарыда көрсетілгендей, зерттеу сонымен қатар 2024 жылдың сәуір айындағы су тасқыны туралы бұқаралық ақпарат құралдарында, әсіресе аталған редакциядағы хабарларды түсіну үшін негізгі теориялық объект ретінде фреймиң теориясын пайдаланды. Чонг пен Друкман, (2007) фреймиң теориясының алғышарттары аудиторияның олардың мағынасын құра алу қабілетіне байланысты мәселелерді әр түрлі қырынан қарауға болатынын және бұл көптеген құндылықтар мен ойларға әкелетінін айтты. «Фрейминг адамдардың белгілі бір мәселенің концептуализациясын дамытатын немесе мәселе туралы ойлауын қайта бағыттауы процесі білдіреді» (Чонг және Друкман, 2007, б. 104). Қарым-қатынаста (Тучман 1997), Чонг және Друкман (2007) бойынша фрейм құру оқиғалардың ұсыныстары мен белгілі бір интерпретацияларын беретін ағымдағы оқиғаның мәнін дәлелдеу арқылы күнделікті шындықты ұйымдастырады. Бұл бұқаралық ақпарат құралдарында 2024 жылғы сәуірдегі су тасқыны сияқты оқиға туралы адамның көзқарасын қалыптастыра алатынын көрсетеді. Шеуфеле (1999) сияқты ғалымдар бұқаралық ақпарат құралдарының оның аудиториясына әсері туралы әртүрлі дәлелдеді және осы зерттеуге қатысты бір дәлел БАҚ әлеуметтік шындықты қысқартуға әкеледі деген идея болып табылады. Де Вризде (2005, б. 52) Капелла және Джеймисон (1997) сияқты ғалымдар «кадрлар білімді белсендіреді, мәдени мораль мен құндылықтар қорын ынталандырады және контексттер жасайды» деп дәлелдеді. Де Вридің аргументтері, (2005) фрейм теориясының оң жағын болжайды, сондықтан аталған екі редакция өз материалдарында су тасқыны туралы белгілі бір оқиғаларды баяндады ма, жоқ па, соны бағалау үшін теорияны пайдалану маңызды деп санайды. Теория сонымен қатар жаңалықтар бұл оқиғаларды позитивті жаққа немесе белгілі бір күн тәртібін алға жылжыту үшін жасалғанын бағалауға көмектеседі.

Зерттеу әдіснамасы

Қазіргі заманда методология ғылыми зерттеулердің әртүрлі түрлерін қамтитын кешенді құрылымға айналды. Әлеуметтік ғылымдарда қолданылатын әдістер, соның ішінде контент талдау, XX ғасырдың ортасында дамыды. Lasswell (1948) және Berelson (1952) БАҚ-ты зерттеуде сандық әдістерді енгізді. XXI ғасырда сапалық және сандық әдістердің үйлесімі зерттеудің кешенділігі мен нәтижелілігін арттырды (Krippendorff, 2018). Контент талдау алғаш рет 1920–1930 жылдары АҚШ-та пайда болды және баспасөздегі мазмұнды сандық түрғыдан сипаттау үшін қолданылды (Berelson, 1952). Бұл әдіс БАҚ арқылы


аудиторияға берілетін хабарламаларды зерттеуге мүмкіндік берді. 1950–1960 жылдары Берельсон контент талдауды «мәтіндер арқылы адамдардың ойлары мен сезімдерін түсіну үшін қолданылатын жүйелі және объективті әдіс» ретінде сипаттады (Berelson, 1952). Сапалық контент талдау кейінірек дамып, мәтін мазмұнынан символикалық мәндер мен әлеуметтік контекстті анықтауға мүмкіндік берді. Schreier (2012) контент талдауды жүйелі кодтау әдісі арқылы мәтіннің терең мәнін зерттеуге бейімдеді.

Зерттеуде су тасқыны туралы хабарланған немесе қандай мәселелер немесе тақырыптар басым болғанына назар аударып, таңдалған екі онлайн редакциядан Батыс өңірлеріндегі су тасқынының бар-жоғын зерттеу үшін контент талдау әдісі қолданылды. Мұндағы мақсат Батыс өңірлеріндегі апат кезінде бұқаралық ақпарат құралдарының рөлін зерттеу болды. Зерттеу мерзімі 2024 жылы 24 ақпан және 14 сәуір аралығы. Krippendorff (2004, б. 21) пікірінше, мазмұнды талдау зерттеушіге «білім... түсініктер мен фактілерді ұсыну және практикалық іс-әрекет нұсқаулығын» қамтамасыз ететін әдістеме болып табылады. Бұл түсініктеме мазмұнды талдауды дағдарыс кезіндегі БАҚ рөлі туралы білім алудың құнды құралына айналдырады, өйткені әдістеме авторға зерттелетін мәселелер туралы негізгі білім береді. Krippendorff (2018, б. 21) айтқандай, "мәтінді оқу – сапалық талдау, тіпті мәтіннің кейбір сипаттамалары кейіннен сандарға айналғанның өзінде." Осы көзқарасты басшылыққа ала отырып, зерттеу мәтіндерді терең талдап, олардың мазмұнын анықтауға мүмкіндік берді. "Tengrinews" және "Ақ жайық" сайттарынан Батыс Қазақстандағы су тасқынына қатысты мақалалар таңдалды. *Tengrinews* – Қазақстандағы ең көп оқылатын ақпарат көздерінің бірі. Brand Analytics мәліметі бойынша, ол *Zakon.kz*, *Inform.kz*, *Sputnik.kz* және *Sports.kz*-тен кейінгі үздік бестікке кіреді (Черный, 2021). Сондай-ақ Нусипов пен Драгомир (2019) *Tengrinews*-ті «медиа нарығына әсер етудің негізгі факторы» деп атайды.

Кілт сөздер ретінде «су тасқыны», «Батыс өңір», «табиғи апат», «жәбірленушілер», «құтқару жұмыстары» терминдері қолданылды. Зерттеу барысында Schreier (2012) ұсынған жүйелі кодтау әдісі қолданылды. Кодтау бірнеше кезеңдерден тұрды. Алдымен, мақалалар мен пікірлер мағыналық бірліктерге бөлініп, қайталанатын тақырыптарға негізделі отырып кодталды. Кейін кодтар зерттеу мақсаттарына сәйкестендіріліп, іріктеу нәтижесінде ең жиі кездесетін тақырыптар мен фреймдер ғана сақталды. Зерттеу барысында сандық және сапалық талдау әдістері қолданылды. Кодталған мәліметтер жиіліктерін анықтау үшін статистикалық тұрғыда өңделді. Кейін мәтіндердің мағыналық ерекшеліктері, эмоционалды реңктері және фреймдік тәсілдері қарастырылды. Бұл әдістер 2024 жылғы су тасқыны кезіндегі БАҚ-тың ақпараттық рөлін және қоғамдық пікірді терең түсінуге мүмкіндік береді, сандық және сапалық талдауды ұштастыра отырып, кешенді нәтижелер береді.

Зерттеу нәтижелері

Зерттеу барысында әр түрлі тақырыптарды қамтитын 4 негізгі фрейм анықталды. Бұл фреймдер екі медиа құралдың мазмұнындағы басты акценттерді айқындайды және олардың ақпараттық ұстанымдарын бейнелейді. Анықталған фреймдер: атқарушы билік, зардап шеккендер, құтқару және көмек. Сондай-ақ осы тақырыптар арқылы ақпарат берудің әртүрлі аспектілері көрсетіледі (диаграмма 1).

Диаграмма 1. Екі редакция бойынша анықталған фреймдер

Ескерту. Автордың зерттеу нәтижелеріне сәйкес жасаған диаграммасы

Зерттеуде екі медиа құралдың ақпаратты ұсыну тәсілдеріндегі айырмашылықтар анықталды. Tengrinews.kz редакциясы ресми көзқарасты ұстанып, үкіметтің тиімділігі мен бөлінген қаржының нәтижелілігін көрсетуге тырысты. Бұл тәсіл су тасқыны салдарын жүйелі түрде түсіндіруге мүмкіндік бергенімен, тұрғындардың нақты жағдайы мен қажеттіліктерін жеткілікті деңгейде қамтымады. Azh.kz (Ақ Жайық) аудиторияға эмоционалды әсер ету үшін тұрғындардың күнделікті мәселелеріне назар аударып, гуманитарлық көмек көрсетуге қатысты егжей-тегжейлі сипаттама берді. Олар эвакуацияның қиындықтары, көмек жетіспеушілігі туралы ақпарат берді, бірақ кейбір жағдайларда объективті деректер жеткіліксіз болды. Нәтижелер және талдауға келсек, бірінші фреймде үкіметтің имиджін қалыптастыру құралы ретінде көре аламыз. Бұл ретте Tengrinews.kz ақпарат порталы үкіметтің әрекеттеріне басымдық берген.

Мемлекет пен халық: Батыс Қазақстандағы су тасқыны туралы медиа нарративтерді салыстыру

Атқарушы билік

Екі медиа платформасында да үкіметтің әрекеттері маңызды тақырыптардың қатарынан табылды. “Tengrinews.kz” порталы үкіметтің шұғыл және тиімді қимылын ерекше көрсетуге тырысты. Мысалы, «Тоқаев су тасқынына байланысты жиналыс өткізді» немесе «Тоқаев Батыс Қазақстандағы су басқан аймақтарды тікұшақпен аралады» сияқты хабарламалар оқырмандарды үкіметтің ұйықтамай жұмыс істейтініне сендіруге тырысты. Бірақ кейде бұл материалдар тым «президенттік күнделіктің» жаңартуларына ұқсап кетеді. Ақ Жайықтың бұл тақырыпты қамтуы сәл өзгеше бағытта өрбіді. «БҚО әкімдігі су тасқынына қарсы шаралар жоспарын талқылады» немесе «Гидротехникалық құрылыстарды нығайту шаралары қабылдануда» деген мақалалар

нақты әрекеттерді сипаттағанымен, оқиғалардың егжей-тегжейіне терең бойламады. Тіпті, бұл басылым кейде «біз айтып жатырмыз, ал олар істеп жатыр» тәсілін қолданғандай әсер қалдырады. Tengrinews.kz-тің негізгі назары – мемлекеттік тиімділік пен президенттік белсенділік болса, Ақ Жайық формалды ресмилікке берілген, бірақ нәтижелерге аса тоқталмаған. Ресми тіл мен формалды статистика оқырманды эмоциялық тұрғыдан тарта алмай, тек құрғақ фактілермен шектелгендей көрінеді.

Халық дауысы

Tengrinews.kz зардап шеккендерге қатысты ақпаратты тым жалпы деңгейде ұсынды. «Су тасқынынан зардап шеккендерге үй салуға қанша қаражат қажет болады?» деген мақалалар жағдайды статистика мен ресми мәліметтер арқылы түсіндірсе де, оқырманға адам тағдырының шынайы көрінісін ұсына алмады. Зардап шеккендердің қиындықтарын суреттеуде портал әдейі эмоциядан қашқақтағандай. Ақ Жайық болса, бұл тақырыпты жергілікті тұрғындардың өмірі арқылы ашып көрсетуді көздеді. «Су тасқынынан зардап шеккендер қалай өмір сүруде?» немесе «Зардап шеккендердің басым бөлігі гуманитарлық көмекке мұқтаж» сияқты мақалалар эвакуацияланған адамдардың нақты өміріндегі драманы бейнеледі. Бірақ бұл да кейде «қайғылы хикаяларды жинайтын» хроникаға айналғандай әсер қалдырады. Tengrinews.kz көбіне есептер мен жоспарларды айтса, Ақ Жайық тұрғындардың өміріндегі күйзелістер мен ауыртпалықтарды оқырманға жақындатты. Екі портал да өзінше объективтілікке тырысқанымен, шынайы жағдайды жеткізуде тәсілдері әр түрлі болды.

Бюджет пен гуманитарлық көмек

Бұл тақырып екі платформаның да басты назарында болды. Tengrinews.kz үшін қаржылық мөлшерлер мен ресми жоспарлар – негізгі материал болды. «Су тасқынына қарсы күреске бөлінген 7 миллиард теңге қайда жұмсалды?» және «Құтқарушылардың жұмысын қиындатпаңыздар – үкімет» деген мақалалар көмектің нәтижелерін емес, оның формальды есептерін алға тартты. Бұл деректер оқырманды тыныштандырып қана қоймады, кейде көмек көрсету ісін бюрократиялық есеп-қисаптармен шектегендей көрінеді. Ақ Жайық бұл тақырыпты мүлдем басқа қырынан қарастырды. «БҚО-дағы тасқын: Жергілікті тұрғындар мен еріктілердің көмегі» немесе «Тасқыннан кейінгі гуманитарлық көмек таратылуда» деген мақалалар адамдардың күнделікті ерлігін көрсетіп, нақты проблемалар мен олардың шешілу жолдарын ұсынды. Мұнда цифрлар емес, адамдардың хикаялары басым болды. Tengrinews.kz қаржылық есептерге шоғырланған, ал Ақ Жайық – адамдардың нақты қажеттіліктері мен әрекеттеріне басымдық берді.

Екі медиа

Tengrinews.kz пен Ақ Жайық – бір оқиғаға екі түрлі линзамен қарады. Бірі – ресми баяндамаларды көрсету арқылы үкіметтің беделін арттырса, екіншісі – зардап шеккендерге көңіл бөліп, шынайы эмоцияларды жеткізуді мақсат етті. Бірақ екі портал да өз мақсаттарына толықтай жете алмады: бірі тым ресми болса, екіншісі кейде эмоционалдық шектен шығып кеткендей. Бұл оқиға медиа құралдарының қоғамдағы орнын анықтау үшін тамаша мысал бола алады. Ақпараттың объективтілігін сақтау мен аудиторияның сеніміне ие болу үшін медианың әр қырын теңгерімді көрсетуі маңызды. Батыс Қазақстандағы су тасқыны жағдайында бұл баланс әр портал үшін өз ерекшелігімен анықталды, бірақ толық көрініс беру үшін олардың жұмысы бірігіп, жаңа

деңгейге көтерілуі керек.

Талқылау: Қазақстандық және халықаралық медиа тәжірибесінің салыстырмасы

2024 жылғы Батыс Қазақстандағы су тасқыны оқиғасы ақпараттық репрезентациясы тұрғысынан ерекше назар аударуды қажет ететін құбылыс болды. Tengrinews.kz пен Ақ Жайық басылымдарының ақпарат ұсыну тәсілдері тек отандық медиа нарығының ерекшеліктерін ғана емес, сонымен қатар халықаралық тәжірибемен салыстырғанда да айтарлықтай айырмашылықтар мен ұқсастықтарды көрсетті. Бұл бөлімде Батыс Қазақстандағы медиа репрезентация шетелдік тәжірибелермен салыстырыла отырып талданады.

2005 жылғы Катрина дауылы кезінде америкалық медиа құралдары, әсіресе CNN, NBC, Fox News секілді ірі желілер, үкіметтің әрекетсіздігі мен құтқару шараларының баяулығын қатты сынға алды (Barnes et al., 2008). Бұл медиа материалдарда халықтың ауыр жағдайы, гуманитарлық дағдарыс және биліктің стратегиялық қателіктері басты назарда болды. Қазақстанда да Ақ Жайық зардап шеккен тұрғындардың шынайы хикаяларына назар аударып, халықтың қиындықтарын көрсетуге тырысты. Дегенмен, АҚШ медиасында билікті ашық сынау және халықтың үмітсіздігін көрсету әлдеқайда батыл сипат алды.

2011 жылғы Фукусима ядролық апаты кезінде Жапония медиа құралдары оқиғаны жариялауда сабырлы, эмоциядан аулақ стильді ұстанды. Allan және Son (2014) зерттеулері көрсеткендей, жапондық БАҚ ресми ақпаратқа сүйеніп, қауесеттер мен негізсіз алаңдаушылықтың таралуын болдырмауға тырысты. Бұл әдіс Tengrinews.kz-тің ресми мәлімдемелерге және үкіметтің әрекеттеріне басымдық беру тәсіліне ұқсайды. Tengrinews.kz апат туралы жаңалықтарда цифрлар мен ресми баяндамаларды жиі қолданды, бұл биліктің беделін сақтау стратегиясына сәйкес келді.

2018 жылғы Керала су тасқыны кезінде үнді медиа құралдары (мысалы, *The Hindu*, *NDTV*) халықтың ауыр жағдайын эмоциялық бейнелеуге ерекше назар аударды (Raj & Chopra, 2020). БАҚ-та жарияланған драмалық оқиғалар мен визуалдық материалдар қайырымдылық науқандарын жандандырып, гуманитарлық көмектің ауқымын кеңейтті. Ақ Жайық та ұқсас жолды таңдады: тұрғындардың тұрмысындағы драмалық сәттерді көрсету арқылы эмоциялық әсер етуге және қоғам назарын зардап шеккендерге аударуға тырысты.

2022 жылғы Квинслендтегі су тасқыны кезінде австралиялық медиа тек ресми деректермен ғана шектелмей, климаттық өзгерістердің апатқа ықпалын сараптап, ғылыми пікірлерге сүйенген талдау материалдарын ұсынды (Hughes et al., 2022). Бұл тәсіл Қазақстанда зерттелген Tengrinews.kz пен Ақ Жайық материалдарында байқалмады. Екі қазақстандық медиа да ғылыми сараптамалар мен ұзақ мерзімді салдарға қатысты аналитикалық материалдарды аз жариялады.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, АҚШ медиасы билік жауапкершілігін ашық көтере білді, бұл Қазақстандағы медиа тәжірибесінен ерекшеленеді. Жапониядағыдай ресми мәліметтерге сену және сабырлы ақпарат тарату Tengrinews.kz-тің тәсілімен үндес. Үндістанда және Қазақстанда (Ақ Жайық) қоғамның назарын аудару үшін эмоциялық мазмұнға сүйену тәжірибесі ортақ болды. Австралия медиасы ұсынған ғылыми-аналитикалық материалдардың болмауы Қазақстанда табиғи апаттарға байланысты қоғамдық пікірдің ұзақ мерзімді стратегиялық қалыптасуына кедергі келтіруі мүмкін.

Осы салыстырмалардан Қазақстан медиа нарығына бірқатар ұсыныстар жасауға болады. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, дағдарыстық жағдайларда медиа тек ақпарат таратушы

ғана емес, қоғамдық пікірді қалыптастырушы және билік жауапкершілігін бағалаушы ретінде әрекет етуі қажет (Barnes et al., 2008). Жапония үлгісі ақпараттық сабырлылық пен қоғамда үрей тудырмау үшін пайдалы. Бірақ эмоциясыз, құрғақ статистика оқырманның сенімін тудырмауы мүмкін (Allan & Son, 2014). Үндістан мен АҚШ тәжірибесі көрсеткендей, медиа тек билік әрекеттерін баяндаумен шектелмей, халықтың шынайы жағдайын көрсету арқылы қоғамды жұмылдыруы тиіс (Raj & Chopra, 2020). Австралия тәжірибесінен медиа климаттық тәуекелдер мен ұзақ мерзімді салдарларды тереңірек зерттеу арқылы қоғамға стратегиялық ақпарат ұсынуы керек (Hughes et al., 2022).

Қорытынды

Әлемнің кез келген өңірінде табиғи апаттар орын алуы мүмкін, және бұл ғылыми тұрғыдан түсіндірілетін құбылыс. Табиғи апаттар қоғамды күйретіп, адамдардың өмірін бұзып, болашаққа деген сенімді тұрақсыздандырады. Осындай дағдарыс кезінде бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі бұрынғыдан да маңызды бола түседі. Бұл мақалада 2024 жылғы Батыс Қазақстандағы су тасқыны кезінде қазақстандық БАҚ-тың атқарған рөлі қарастырылды. Зерттеу барысында қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарының табиғи апат жағдайында халықты ақпараттандыру мен қолдау көрсету мүмкіндігін қаншалықты іске асырғаны талданады.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, қазақстандық БАҚ Батыс Қазақстандағы су тасқыны туралы белсенді түрде хабар таратқан. Мақалаларда келесі тақырыптар басым болған: төтенше жағдайлар туралы ақпарат, көмек көрсету шаралары, үкіметтің әрекеті, инфрақұрылымның бұзылуы және әлеуметтік өмірге әсері. Сонымен қатар, кейбір медиаресурстар президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың мәлімдемелеріне, зардап шеккендерге көрсетілген көмекке, жергілікті билік пен құтқару қызметінің іс-қимылдарына назар аударған.

Жиналған деректерге сүйене отырып, қазақстандық БАҚ-тың халықты ақпараттандыру және қолдау көрсету бағытында маңызды рөл атқарғанын айтуға болады. Әрбір медиа ұйымның өзіндік фокусына байланысты ақпарат әртүрлі форматта ұсынылды. Tengrinews.kz ресми ақпаратқа басымдық беріп, үкіметтің әрекеттерін, бөлінген қаржыны және қалпына келтіру жұмыстарының барысын хабарлады. Ал Azh.kz (Ақ Жайық) медиа платформасы жергілікті тұрғындардың жағдайы, олардың проблемалары мен гуманитарлық көмек көрсету мәселелерін басты назарға алды.

Кей жағдайларда БАҚ табиғи апаттарды сенсациялауға бейім екені белгілі. Алайда, Батыс Қазақстандағы су тасқынына қатысты зерттеуде мұндай сенсацияның орын алмағаны анықталды. Tengrinews.kz және Azh.kz ақпарат құралдары өз хабарламаларында нақты деректер мен оқиғалардың объективті бейнесін ұсынуға тырысты.

Tengrinews.kz мемлекеттің тиімділігін көрсетуге ұмтылса да, бұл тәсіл кейде зардап шеккен тұрғындардың нақты қажеттіліктерін жеткілікті түрде қамти алмады. Ал Azh.kz аудиторияға эмоционалдық әсер ету үшін жергілікті мәселелерді егжей-тегжейлі сипаттап, халықтың қиындықтарын көрсетті. Дегенмен, бұл кей жағдайларда объективтіліктің жеткіліксіздігімен сипатталды.

Батыс Қазақстандағы су тасқыны қазақстандық БАҚ-тың төтенше жағдайларда ақпаратты теңгерімді және бейтарап түрде ұсынудың маңыздылығын көрсетті. Мемлекеттік құрылымдардың әрекеттерін жариялау маңызды болғанымен, тұрғындардың шынайы қажеттіліктерін көрсету де басымдыққа ие болуы тиіс. Сонымен қатар, журналистер ақпарат тарату кезінде этикалық нормаларды сақтау, эмоция мен дерек арасындағы тепе-теңдікті ұстану

және қоғамдық мүддені қорғауға ұмтылуы қажет.

Білім экономикасы қарқынды дамып жатқан заманда бұқаралық ақпарат құралдары табиғи апаттар туралы хабар таратып қана қоймай, дағдарыс кезінде халықты біріктіру және қолдау көрсету үшін маңызды құралға айнала алады. Батыс Қазақстандағы су тасқынына қатысты БАҚ қызметі негізінен оң нәтижелер көрсеткенімен, кейбір аспектілерді нақтылау қажет. Фреймдер мен біржақтылық ықтималдығын азайту үшін сапалы және сандық әдістерді қолдану маңызды. Зерттеу нәтижелері қазақстандық БАҚ-тың дағдарыс жағдайында халықты ақпараттандыруда шешуші рөл атқаратынын дәлелдейді. Алдағы уақытта БАҚ қызметінің тиімділігін арттыру үшін зерттеулер жүргізу, медиа стратегияларын жетілдіру және ақпараттың объективтілігін қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар әзірлеу қажет. Бұл тәсілдер БАҚ-тың дағдарыс кезіндегі әлеуметтік әділеттілік пен жауапкершілік мәселелерін шешуге көмектеседі.

Әдебиеттер тізімі

- Allan, S., & Son, B. (2014). Fukushima disaster and the politics of media representation. *Journal of Risk Research*, 17(3), 367–383.
- Barnes, M. D., Hanson, C. L., Novilla, L. M. B., Meacham, A. T., McIntyre, E., & Erickson, B. C. (2008). Analysis of media agenda setting during and after Hurricane Katrina: Implications for emergency preparedness, disaster response, and disaster policy. *American Journal of Public Health*, 98(4), 604–610.
- Basu, M. (2006). *Media and disaster preparedness: The role of mass communication in reducing disaster risks*.
- Benet, W., & Daniel, S. (2002). Media's role in disaster management: Analysis of crisis communication. *Journal of Crisis Communication*, 10(2), 45–62.
- Berelson, B. (1952). *Content analysis in communication research*. Free Press.
- Chalmers, A. F. (1999). *What is this thing called science?* Open University Press.
- Chong, D., & Druckman, J. (2007). Framing theory: How people interpret and evaluate issues. *Annual Review of Political Science*, 10, 103–126.
- Coleman, R., McCombs, M., Shaw, D., & Weaver, D. (2009). Agenda setting and the media: Understanding the public's priorities. *Political Communication*, 26(2), 185–209.
- Cottle, S. (2009). Global crises in the news: Challenges of reporting disasters and conflicts. *International Journal of Press/Politics*, 14(4), 494–515.
- Dhakal, S. (2018). The role of media during natural disasters: The case of Nepal. *Asian Journal of Communication*, 28(3), 320–337.
- Durfee, J. (2005). Media coverage of natural disasters: Framing cultural and historical perspectives. *Journalism & Mass Communication Quarterly*, 82(2), 303–328.
- Entman, R. M. (1993). Framing: Toward clarification of a fractured paradigm. *Journal of Communication*, 43(4), 51–58.
- Ewart, J., & McLean, H. (2015). Media narratives and disaster recovery: A critical analysis of media representations. *Disaster Prevention and Management*, 24(1), 27–39.
- Fink, S. (1986). *Crisis management: Planning for the inevitable*. iUniverse.
- Graber, D. (2009). *Mass media and American politics* (8th ed.). CQ Press.
- Houston, J. B. (2012). Social media and disaster communication: The role of technology in crisis response. *Disaster Medicine and Public Health Preparedness*, 6(2), 163–172.

- Houston, J. B., Pfefferbaum, B., & Rosenholtz, C. E. (2015). Disaster news framing and public response. *Communication Theory*, 25(4), 341–361.
- Hughes, M., McGregor, G., & Jones, S. (2022). The role of Australian media in reporting climate-related flooding. *Australian Geographer*, 53(2), 189–207.
- Kapella, J., & Jamieson, K. (1997). *Spiral of cynicism: The press and the public good*. Oxford University Press.
- Krippendorff, K. (2004). *Content analysis: An introduction to its methodology*. Sage.
- Krippendorff, K. (2018). *The content analysis reader: Qualitative and quantitative approaches*. Sage.
- Locker, M. (2014). Natural disaster journalism: Framing recovery and responsibility. *Journal of Environmental Communication*, 8(3), 345–359.
- Lasswell, H. D. (1948). The structure and function of communication in society. In L. Bryson (Ed.), *The communication of ideas* (pp. 37–51). Harper.
- McCombs, M., & Shaw, D. (1972). The agenda-setting function of mass media. *Public Opinion Quarterly*, 36(2), 176–187.
- McCombs, M., Shaw, D., & Weaver, D. (2014). Agenda-setting in the 21st century: A framework for analysis. *Mass Communication and Society*, 17(6), 781–802.
- Miles, M., & Morse, S. (2007). Disaster communication: Short-term vs. long-term impacts. *Disaster Prevention and Management*, 16(2), 192–202.
- Mirbabaie, M., Bunker, D., Stieglitz, S., Marx, J., & Ehnis, C. (2020). Social media in crisis communication: Lessons from the COVID-19 pandemic. *Journal of Information Management*, 52(3), 1–10.
- Murthy, D. (2013). *Twitter: Social communication in the Twitter age*. Polity Press.
- Raj, S., & Chopra, A. (2020). Framing disasters: Indian media coverage of Kerala floods. *Media Watch*, 11(3), 486–499.
- Russell, B. (2013). *History of Western philosophy*. Routledge.
- Scanlon, J. (1998). Crisis journalism: Ethics and accuracy in reporting disasters. *Journalism Studies*, 1(3), 345–360.
- Schreier, M. (2012). *Qualitative content analysis in practice*. Sage.
- Simon, T. (2017). Digital media and crisis response: Leveraging technology during disasters. *Journal of Digital Media & Policy*, 8(2), 211–229.
- Tarakinie, G., Mvedzi, T., Manuchi, T., & Tarakinie, R. (2021). Media coverage of COVID-19 in Zimbabwe: Crisis communication perspectives. *African Journalism Studies*, 42(4), 45–63.
- Van Belle, D. A. (2000). Press freedom and disaster coverage: Analyzing international responses. *Political Research Quarterly*, 53(4), 849–860.
- Yusuf, S., Khan, R., & Alvi, S. (2020). Media framing of the Syrian conflict: A comparative analysis of Saudi and Iranian press. *Media, War & Conflict*, 13(4), 383–405.
- Zhang, Y. (2011). The role of media in disaster recovery: Case studies from China. *Asian Journal of Communication*, 21(3), 320–338.
- Қазақстандағы су тасқыны: Премьер-министр Бектенов мәлімдеме жасады. (2024a). *Tengrinews.kz*. https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/kazakstandagyi-su-taskyinyi-premer-ministr-bektenov-malmdeme-358759/
- Су тасқыны болған өңірлердегі мектептерде сабақ онлайн форматқа ауыстырылды. (2024b). *Tengrinews.kz*. <https://kaz.tengrinews.kz/news/su-taskyinyi-bolgan-onrlderdeg-mektepterde-sabak-onlayn-358811/>
- Су тасқыны: төтенше жағдай аймақтарынан 11 мыңнан астам адам эвакуацияланды. (2024c). *Tengrinews.kz*. <https://kaz.tengrinews.kz/news/su-taskyinyi-totenshe-jagday-aymaktaryinan-11->

[myinnan-astam-358809/](https://kaz.tengrinews.kz/news/tokaev-su-taskyinyina-baylanyisty-jinalyis-otkzed-358809/)

- Тоқаев су тасқынына байланысты жиналыс өткізеді. (2024d). *Tengrinews.kz*. <https://kaz.tengrinews.kz/news/tokaev-su-taskyinyina-baylanyisty-jinalyis-otkzed-358797/>
- Тоқаев республикалық штаб отырысын өткізді. (2024e). *Tengrinews.kz*. https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/tokaev-respublikalyik-shtab-otyryisyin-otkzd-358830/
- Су біз күтпеген жақтан келді: ТЖМ су тасқыны туралы не дейді? (2024f). *Tengrinews.kz*. https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/su-bz-kutpegen-jaktan-keld-tjm-su-taskyinyi-turalyi-ne-deyd-358860/
- Су тасқынына қарсы күреске бөлінген 7 миллиард теңге қайда жұмсалды? (2024g). *Tengrinews.kz*. https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/su-taskyinyina-karsyi-kureske-bolngen-7-milliard-tenge-kayda-358855/
- Тоқаев су тасқынынан зардап шеккен өңірлердің біріне барады. (2024h). *Tengrinews.kz*. https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/tokaev-su-taskyinyinan-zardap-shekker-onrlerdn-brne-baradyi-358852/
- Құтқарушылардың жұмысын қиындатпаңыздар: Үкімет ескерту жасады. (2024i). *Tengrinews.kz*. https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/kutkarushyilardiy-jumyisyin-kiyindatpanyizdar-ukmet-358850/
- Су тасқынынан зардап шеккендерге үй салуға қанша қаражат бөлінеді? (2024j). *Tengrinews.kz*. https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/su-taskyinyinan-zardap-shekkenderge-uy-saluga-kansha-karajat-358863/
- «Жағдай әлі де өте күрделі»: Тоқаев су тасқынына байланысты мәлімдеме жасады. (2024k). *Tengrinews.kz*. https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/jagday-al-de-ote-kurd-el-tokaev-su-taskyinyina-baylanyisty-358913/
- «Бір ел болып әрекет етуіміз керек»: Тоқаев су басқан аумақтар туралы айтты. (2024l). *Tengrinews.kz*. https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/br-el-bolyip-areket-etumz-kerek-tokaev-su-baskan-aumak-358908/
- Тоқаев БҚО-дағы су басқан аумақтарды тікұшақпен аралады. (2024m). *Tengrinews.kz*. https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/tokaev-bko-dagyi-su-baskan-aumaktardiy-tkushakpen-araladyi-358904/
- Су тасқыны жағдайы күрт нашарлауы мүмкін – Қазгидромет. (2024n). *Tengrinews.kz*. https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/su-taskyinyi-jagdayyi-kurt-nasharlauyi-mumkn-kazgidromet-358901/
- Су тасқыны: Қаланың үш ауылына эвакуация жүргізілуде. (2024o). *Azh.kz*. <https://azh.kz/kz/news/view/68329>
- Батыс Қазақстанда су деңгейі көтерілуде. (2024p). *Azh.kz*. <https://azh.kz/kz/news/view/68328>
- Жаңағыдай жағдай қайталанбас үшін: Сариеттің мәлімдемесі. (2024q). *Azh.kz*. <https://azh.kz/kz/news/view/68396>
- Гидротехникалық құрылыстарды нығайту шаралары қабылдануда. (2024r). *Azh.kz*. <https://azh.kz/kz/news/view/68395>
- Төтенше жағдайлар министрлігі қауіпсіздік шараларын жариялады. (2024s). *Azh.kz*. <https://azh.kz/kz/news/view/68381>
- БҚО-дағы тасқын: Жергілікті тұрғындар мен еріктілердің көмегі. (2024t). *Azh.kz*. <https://azh.kz/kz/news/view/68371>
- БҚО әкімдігі су тасқынына қарсы шаралар жоспарын талқылады. (2024u). *Azh.kz*. <https://azh.kz/kz/news/view/68369>

- Су тасқыны салдарын жою бойынша шұғыл жұмыстар жүргізілуде. (2024v). *Azh.kz*. <https://azh.kz/kz/news/view/68362>
- Тасқыннан кейінгі гуманитарлық көмек таратылуда. (2024w). *Azh.kz*. <https://azh.kz/kz/news/view/68411>
- БҚО-да су деңгейінің төмендеуі басталды. (2024x). *Azh.kz*. <https://azh.kz/kz/news/view/68404>
- Зардап шеккендерге мемлекеттен бөлінген көмек қалай жүзеге асырылуда? (2024y). *Azh.kz*. <https://azh.kz/kz/news/view/68402>
- Тасқынның алдын алу шаралары талқыланды. (2024z). *Azh.kz*. <https://azh.kz/kz/news/view/68415>
- Төтенше жағдайдың нәтижелері: Брифингтің қысқаша мазмұны. (2024aa). *Azh.kz*. <https://azh.kz/kz/news/view/68410>
- Су тасқыны: Зардап шеккендерге көрсетілген көмек. (2024ab). *Azh.kz*. <https://azh.kz/kz/news/view/68453>
- БҚО-дағы жағдай туралы жаңа мәліметтер жарияланды. (2024ac). *Azh.kz*. <https://azh.kz/kz/news/view/68448>

IRSTI: 19.45.91

The Role of Kazakhstani Media in Covering the 2024 Floods in Western Kazakhstan

Akerke Oralbek
SDU University, Kaskelen, Kazakhstan
email: 241309001@sdu.edu.kz

Abstract

This study examines the role of state-affiliated media in covering the 2024 floods in Western Kazakhstan through the lens of agenda-setting and framing theories. Media coverage of natural disasters plays a significant role in shaping public perception, evaluating government response, and influencing how citizens interpret and react to such crises. However, media outlets may sometimes resort to sensationalism, emphasizing shock, panic, dramatic characters, and emotional elements over factual reporting. The aim of this research is to analyze how the flood was covered in Kazakhstani media and identify the dominant frames used. The study employs a mixed-method approach, including quantitative and qualitative content analysis of 30 articles published between February 24 and April 14, 2024, by *Tengrinews.kz* and *Ak Zhaik*. These outlets were selected based on their readership, editorial stance, reach, and reporting style. *Tengrinews* is among the most widely read news portals in Kazakhstan. The findings reveal that flood coverage significantly shaped public opinion and government response, with the dominant themes being: emergency management, statements by President Kassym-Jomart Tokayev, the condition of affected populations, aid delivery efforts, government accountability, infrastructure damage, and the broader social impact.

Keywords: Flood, framing, agenda-setting, media coverage, Western Kazakhstan, Tengrinews, Ak Zhaik, state media.

МРНТИ: 19.45.91

Роль казахстанских СМИ в освещении наводнения 2024 года в Западном Казахстане

Оралбек Ақерке
SDU University, Каскелен, Казахстан
email: 241309001@sdu.edu.kz

Аннотация

В данном исследовании рассматривается роль государственных средств массовой информации в освещении наводнения 2024 года в Западном Казахстане с опорой на теории установки повестки дня и фрейминга. Освещение природных катастроф в СМИ оказывает значительное влияние на восприятие общественностью, оценку действий властей и работу служб чрезвычайного реагирования. Однако в некоторых случаях медиа прибегают к сенсационализму, акцентируя внимание на шоке, панике, эмоциональных персонажах и конфликтах. Цель исследования -- проанализировать, как освещалось наводнение в казахстанских СМИ и какие темы и фреймы преобладали. В рамках исследования проведён количественный и качественный контент-анализ 30 материалов, опубликованных на сайтах *Tengrinews.kz* и *Ак Жайык* в период с 24 февраля по 14 апреля 2024 года. Эти издания были выбраны по критериям охвата аудитории, идеологической направленности, популярности и стиля подачи. Результаты исследования показали, что СМИ значительно повлияли на общественное мнение и реакцию властей. В публикациях доминировали следующие темы: чрезвычайная ситуация и её последствия, заявления Президента Касым-Жомарта Токаева, положение пострадавших, меры помощи, действия и ответственность правительства, разрушение инфраструктуры и влияние на общественную жизнь.

Ключевые слова: Наводнение, фрейминг, информирование, повестка дня, Западный Казахстан, Tengrinews, Ак Жайык, государственные СМИ.